4 ШІЛДЕ,
2026 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№71 (23 685)

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

95 ЖЫЛ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Кірпіш зауыты кірісті еселейді
2-бет



Жасампаз жастардың қаласы
4-бет



Арқа әншілерінің айбозы
8-бет



## Құрметті жерлестер!

*Сіздерді мемлекеттік мереке – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Бұл мереке барлық қазақстандықтардың жүрегінде ерекше орын алады. Бұл біздің Тәуелсіз еліміздің жетістіктерін, халықтың бірлігін және сенімді алға жылжуды бейнелейді. Елорда – мемлекетіміздің мақтанышы, жасампаз қуатымыз бен дамуға, өркендеуге деген ұмтылыстың көрінісі.*

*Салыстырмалы қысқа тарихи кезеңде Астана әлемдік деңгейдегі заманауи мегаполиске айналып, еліміздің маңызды саяси, экономикалық, мәдени және қоғамдық орталығына айналды. Бүгінде Елорда өзінің бірегей архитектурасымен, қарқынды дамуымен және инфрақұрылымының жоғары деңгейімен ерекшеленеді.*

*Астананың көркеюі бұл өз еңбегімен мемлекетіміздің дамуы мен нығаюына үлес қосатын миллиондаған қазақстандықтардың еңбегі мен жасампаз қызметінің нәтижесі. Сондықтан, Астана Қазақстан халқының бірлігінің, келісімінің және ортақ ұмтылысының нышаны болып табылады. Біз Елордамызды жаңа жетістіктер, ауқымды жобалар мен жарқын жеңістер күтіп тұрғанына сенімдіміз және бірлесе отырып мықты, табысты және гүлденген Қазақстанды құруды жалғастырамыз.*

*Осынау мереке күні сіздерге зор денсаулық, бақыт, амандық, бейбітшілік, жақсылық және ертеңгі күнге сенімділік тілейміз. Еліміз дамып, Астанамыз өркендей берсін!*

*Мереке құтты болсын!*

**Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,**
**Қарағанды облысының әкімі**

**Нұркен КОБЖАНОВ,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы**

# Ақиқатқа айналған арман



Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

АСТАНА – АСҚАҚ РУХ!

**Хакім Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан!» деген өсиеті қазақ қоғамындағы еңбек мәдениетінің өзегіне айналғандай. Сол даналық сөздің шынайы мәнін бүгінгі Астананың келбетінен анық көруге болады. Арқаның сайын даласында бой көтерген елорда – сәулеті келіскен шаһар әрі тәуелсіз Қазақстанның жасампаз рухын әйгілеген, мыңдаған құрылысшының, инженердің, сәулетшінің, металлургтің, дәнекерлеушінің, жүргізушінің, бағбан мен тазалық қызметкерінің адал еңбегімен тұрғызылған алып шежіре. Астана күні – тәуелсіз Қазақстанның еңсесін тіктеген ұлттың қажыр-қайраты мен еңбекке деген құрметін дәріптейтін мереке. Бүгін Есілдің жағасында аспанмен таласқан зәулім ғимараттар мен кең даңғылдарға сүйсіне қарап тұрып, олардың әр кірпіші мен әр қабырғасында мыңдаған адамның маңдай тері жатқанын ұғынғың келеді.**

***Жәлел ШАЛҚАР,***
«Ortalyq Qazaqstan»

Археологиялық зерттеулер қазіргі Астана маңында ортағасырлық Бозоқ қалашығы болғанын дәлелдейді. Бұл қоныс Ұлы Даланың көшпелі өркениеті мен керуен жолдарының маңызды тірек нүктелерінің бірі саналған. Ал Есіл бойындағы Қараөткел ғасырлар бойы ел мен елді жалғаған тарихи өткел ретінде белгілі болды. Сондықтан, бүгінгі Астана – жаңа дәуірде бой көтерген қала, оның тамыры көне тарихпен сабақтас.

Ақын Несіпбек Айтұлы елорданың айбынын жырға қосып: «Бақыттың нұры шалқып сәулетінде, бесігін бостандықтың тербетуде...» деп толғанғанындай, Астана – азаттықтың айқын белгісі. Мұнда өткеннің өнегесі мен болашақтың биік мұраты тоғысқан.

Елорданың тарихи миссиясы жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Елордамыз Қазақстанның тұрақты әрі қарқынды өсіп-өркендеуін және жасампаз ұлттың жарқын болашаққа ұмтылысын айшықтай түседі», – деген болатын.

Әлемге әйгілі сәулетші Норман Фостердің «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығы мен Бейбітшілік және келісім сарайы, жапон сәулетшісі Кисё Курокаваның елорданың бас жоспарын әзірлеуге қосқан үлесі Астананың сәулеттік келбетін айқындады.

Елорда сәулетінің қалыптасуына қазақстандық мамандар да елеулі үлес қосты. Солардың қатарында «Бәйтерек» монументінің көркемдік-идеялық шешімін жүзеге асыруға қатысқан сәулетші Ақмырза Рүстембеков, елорданың бірқатар қоғамдық және әкімшілік нысандарының жобалау жұмыстарына атсалысқан сәулетші Шоқан Матайбеков, сондай-ақ, қала құрылысы мен урбанистикалық даму бағытында еңбек еткен қазақстандық сәулет мектебінің өкілдері де аталады. Бұл мамандардың еңбегі Астананың заманауи келбетін қалыптастыруда ұлттық инженерлік және сәулет мектебінің қалыптасқанын айқын көрсетті.

Сызбадағы кескінді шындыққа айналдыру – сәулетшінің, инженердің, құрылысшының, дәнекерлеушінің, бетон құюшының, кран жүргізушінің, геодезистің, жүргізушінің ортақ еңбегі.

Арқаның қытымыр аязы мен аптап жазы олардың жігерін жасыта алған жоқ. Батпақты топыраққа берік іргетас құйылып, болат қаңқалар орнатылып, шыны мен бетоннан бүгінгі келбеті келіскен шаһар тұрғызылды.

«Хан Шатыр» бір қарағанда алып киіз үйді елестететін бұл кешеннің инженерлік шешімі әлем сәулетшілерінің назарын аударды. Арнайы мөлдір мембраналық жабын ғимарат ішінде жылдың кез келген мезгілінде жайлы микроклимат қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қақаған қыста да мұнда көктем лебі сезіліп тұрады.

Соңғы жылдары бой көтерген «Абу-Даби Плаза» кешені де елорданың жаңа келбетінің ажырамас бөлігіне айналды.

➤ 4-бет

● 5 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

# Ұлт жадының үні

**Еліміз бүгінде өткенін түгендеп, тарихи жадын жаңғыртуға мемлекеттік деңгейде айрықша мән беріп келеді. Бұл – тек өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағытталған маңызды қадам деп есептейміз. Ұлттың тарихи санасын қалыптастыруда мәдени мұраның тұғыры қашан да биік. Сол мұраның ішінде ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткен, халық болмысының айнасындай асыл қазынаның бірі – қазақтың күй өнері.**

**Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Күй – жай ғана музыкалық шығарма емес. Ол – халықтың тарихы, тағдыры, мұңы мен қуанышы, азаттығы мен арманы, елдің рухани шежіресі. Қазақ халқының бастан өткерген қилы кезеңдері, батырлардың ерлігі, аналардың зары, табиғаттың тылсым көріністері мен көшпенділердің дүниетанымы күйдің қос ішегіне сыйып кеткен. Сондықтан қазақтың күй өнерін ұлықтау – ұлттық кодты сақтаудың, тарихи жадымызды жаңғыртудың маңызды жолдарының бірі.

Осы тұрғыдан алғанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық домбыра күніне ерекше мән беруі – уақыт талабынан туған маңызды шешім. Бүгінде бұл мереке халықтың рухын көтеретін, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін айтулы күнге айналды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінің бірінде: «Қос ішекті қара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі жатыр», – деп атап өтті. Бұл – домбыраның қазақ өміріндегі орнын дәл сипаттайтын тұжырым.

Қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген әйгілі өлең жолдары да Алаштың қастерлейтін сөзіне айналғалы қашан.



Домбыра – қазақтың төлқұжаты, ұлттық болмысының айқын белгісі. Ол халқымыздың өмір сүру салтын, эстетикалық талғамын танытады. Сондықтан домбыраны дәріптеу – тек музыкалық аспапты насихаттау емес, тұтас ұлттың рухани әлемін сақтау деген сөз.

Қазақ қоғамында күйдің атқарған қызметі ерекше болды. Жазба тарих қалыптаспаған кезеңдерде ел басынан өткен оқиғалар, тарихи тұлғалардың ерлігі, халықтың қайғысы мен қуанышы күй арқылы ұрпаққа жетіп отырды. Әр күйдің өз тарихы, өз тағдыры бар. Тарихсыз күй жоқ.

Құрманғазының «Сарыарқасы» – азаттықтың, сән-салтанаттың, асқақтың, Арқа даласының символы болса, «Адайы» – еркін һәм өр рухтың көрінісі. Дәулеткерейдің күйлерінен дала мәдениетінің нәзік бояуын сезінсек, Тәттімбеттің шығармаларынан қазақтың ойшыл болмысын танимыз. Аққыз, Қазанғап, Дина Нұрпейісова, Сүгір, Абыл сынды күйшілердің мұрасы – халқымыздың баға жетпес қазынасы.

Күй тыңдаған адам қазақ даласының кеңдігін, желінің гуілін, тұлпардың дүбірін, елдің мұңын, ердің намысын сезіне алады. Сондықтан күйді кейде «дыбысқа айналған тарих» деп те атайды.

МӘДЕНИ МҰРА

Күйтану ғылымы жаңа белеске көтерілуде. Тәуелсіздік жылдарында күй өнерін ғылыми тұрғыдан зерттеу бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынды. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында бұрын ғылыми айналымға енбеген көптеген қолжазбалар мен архивтік материалдар жинақталып, жарық көрді.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы мен Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары бірлесіп дайындаған «Қазақ музыкасы» антологиясы ұлттық музыка тарихын жүйелеуге үлкен үлес қосты. Бұл еңбекке көптеген күйлердің шығу тарихы, орындаушылық дәстүрлері мен сирек кездесетін нұсқалары енгізілді.

➤ 5-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 541.37 ●**USD/KZT** 474.47 ●**RUB/KZT** 6.08 ●**CNY/KZT** 69.89

Қазақстан Ұлттық Банкінің
3 шілде, 2026 жылғы дерегі бойынша

● ӘЛЕУМЕТ

# Мұң-мұқтаж мінбері

**Әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру – қоғамның әл-ауқатын арттырудағы маңызды міндеттің бірі. Бұл ретте мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қорғау, олардың еңбекке араласуына жағдай жасау және қолжетімді орта қалыптастыру мәселесі айрықша мәнге ие. Осы бағыттағы өзекті сауалдар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кеңесшісі Гүлнар Ахмолдинаның қатысуымен өткен Ашық есік күнінде талқыланды.**

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімдігі мен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған кездесуге әлеуметтік қолдау шараларына қатысты сауалдары бар тұрғындар, мүгедектігі бар азаматтар, олардың отбасы мүшелері және сала мамандары қатысты.

Ашық диалог алаңында тұрғындар әлеуметтік көмек, жұмыспен қамту, оңалту құралдарымен қамтамасыз ету, тұрғын үй мәселесі және кедергісіз орта қалыптастыру бағыттары бойынша кеңес алды. Министрдің кеңесшісі оңалтуға арналған техникалық құралдарды алу тәртібін түсіндіріп, азаматтардың жеке мәселелеріне қатысты сауалдарына жауап берді.

Кездесу барысында мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді ортаны дамыту мәселесіне де ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, жолдардың, қоғамдық көліктің, әлеуметтік нысандардың, қоғамдық кеңістіктердің қолайлылығы және күнделікті өмірде кездесетін кедергілер сөз болды. Тұрғындар өз ұсыныс-пікірлерін жеткізіп, шешімін күткен мәселелерді ортаға салды.

Ашық есік күніне келушілердің қарасы қалың болды. Әр азамат өз мұң-мұқтажын айтып, тиісті мамандардан кеңес алды. Жауапты сала өкілдері көтерілген мәселелерді жеке-жеке қарап, алдағы уақытта тиісті шешімдер қабылданатынын жеткізді.

– Сіздердің әрбір сын-ескертпелеріңіз бен ұсыныстарыңыз назардан тыс қалмайды. Басты мақсат – халықтың талап-тілегін тыңдап, нақты мәселелердің шешіліне ықпал ету. Бұл бағытта өңдірісті өңір саналатын Қарағанды облысының да орны ерекше. Көтерілген мәселелердің барлығы сараланып, оң шешімін табады деп сенемін, – деді министрдің кеңесшісі Гүлнар Ахмолдина.

Диалог алаңына келген тұрғындардың бірі – 80 жастан асқан Күлпан Омарова. Ол ұзақ жыл құрылыс саласында еңбек еткенін айтып, өмір жолындағы қиындықтарын да бөлісті.

– Совет үкіметінің тұсында кран жүргізушісі болып жұмыс істедім. 34 жыл бойы құрылыс алаңында еңбек еттім. Бірде жазатайым жағдайға тап болып, жарақат алдым. Содан бері мемлекет тарапынан қажетті көмек көрсетіліп келеді. Бүгін осындай Ашық есік күні өтетінін естіп, үйім жақын болған соң арнайы келдім. Бір жағынан, өз мәселемді айтып, кеңес алсам дедім. Екінші жағынан, мамандармен жүздесіп, әңгімелесіп қайтқанның өзі көңілге демеу, – деді Күлпан әже.

Таңертең басталған кездесу түс әлетіне дейін жалғасты. Мамандар тұрғындардың өтініш-тілектерін қабылдап, әр мәселе бойынша түсініктеме берді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, Ашық есік күні барысында көтерілген ұсыныстар мен мәселелер алдағы уақытта министрлік және жергілікті атқарушы органдар тарапынан сараланып, тиісті жұмыс жүргізілмек.

**Қарағанды облысының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы туралы**
**ХАБАРЛАМА**

Мекенжайы: Қарағанды қаласы, Можайский көшесі,13А, 301 кабинет, телефон 8 (7212) 421086, электрондық пошта: tic_kar_obl@saylau.kz

**Комиссия құрамы:**

Төраға – Нүркенов Қайрат Қаршығаұлы
Төраға орынбасары – Асылбекова Сандуғаш Сабетқызы
Хатшы – Ақпанова Айғаным Жолшорақызы
Комиссия мүшелері:
Абельгазина Айгүл Омарқызы, Қантарбекова Гүлнәрайым Хасенқызы, Русаков Евгений Валериевич, Уатай Данияр Оразұлы.

к

# Кірпіш зауыты кірісті еселейді

**Облыс аумағында өнеркәсіп әлеуетін арттыруға бағытталған ірі инвестициялық жобалардың қатары тағы бір жаңа өндіріс орнымен толықты. Осакаров ауданында заманауи кірпіш зауытының құрылысы аяқталып, кәсіпорын іске қосылуға дайын тұр. Құны 1,8 миллиард теңгені құрайтын өндіріс орны өңірдің құрылыс материалдарына деген сұранысын қамтамасыз етіп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашып, аудан экономикасының дамуына тың серпін бермек.**

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жаңа кәсіпорында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев болып, өндірістің дайындық барысымен танысты.

Кәсіпорын жылына 50 миллион данаға дейін кірпіш өндіруге қауқарлы. Өндірістік қуаты тәулігіне шамамен 200 мың дана кірпіш шығаруға жетеді. Бүгінде зауытта 40 тұрақты жұмыс орны ашылған. Ал, құрылыс пен монтаж жұмыстары жүргізілген кезеңде тағы 60-қа жуық адам еңбекпен қамтылды.

Аймақ басшысы мұндай өндіріс орындарының ашылуы құрылыс саласының тұрақты дамуына және жергілікті экономиканың нығаюына оң ықпал ететінін атап өтті.

– Бүгінде құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Соған сәйкес сапалы құрылыс материалдарына деген сұраныс та артып отыр. Өз тарапымыздан осындай өндіріс орындарының өңірде жұмыс істеуі үшін инвесторларға қажетті қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Кірпіш зауытының құрылысы шамамен бір жарым жылға созылған. Жоба толықтай жеке инвестордың қаражаты есебінен жүзеге асырылды. Мемлекет тарапынан компанияға жалпы аумағы 16 гектар жер телімі бөлініп, өндірісті қажетті инженерлік инфрақұрылымға қосу мәселесі шешілген.

Қазіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталған. Кәсіпорында екі күйдіру пеші орнатылып, электр желілері тартылған әрі барлық инженерлік коммуникацияларға қосылу жұмыстары жүргізілген. Мамандар бүгінде өндірістік жабдықтарды баптап, технологиялық желілерді сынақ режимінде іске қосып жатыр.

Жобаның маңызды ерекшеліктерінің бірі – өндірісте жергілікті шикізаттың пайдаланылуы. Кірпіш дайындауға қажетті саз Осакаров ауданындағы кен орындарынан өндіріледі. Бұл өз кезегінде логистикалық шығындарды азайтып, өндірістің тиімділігі мен тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.

Инвесторлардың айтуынша, зауыттың орналасқан орны да жобаның басты артықшылықтарының бірі саналады.

– Біз дәл осы жобаны таңдадық. Өйткені, бүгінде Қазақстанда құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Сонымен бірге, зауыттың орналасқан жері өте қолайлы. Қарағанды мен Астанаға дейін небәрі 100 шақырым. Бұл – өңірдегі ең ірі құрылыс нарықтары. Сондықтан, өніміміз сұраныс жоғары болатынына сенімдіміз, – деді «Алтын Алқап Қарағанды» ЖШС инвестор-компаниясының өкілі Чуаньгун Цай.

Кәсіпорын басшылығы бұл бастама өңірдегі жалғыз инвестициялық жоба емес екенін де мәлімдеді. Биыл күзде Нұра ауданында тағы бір кірпіш зауытын пайдалануға беру жоспарланып отыр. Екі кәсіпорын толық өндірістік қуатына шыққан кезде Қарағанды облысы мен Астана қаласының құрылыс нарығының елеулі бөлігін отандық кірпішпен қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Өңірде инвесторларды қолдау бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл жөнінде кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев мәлімдеді.

– Біз әрбір инвесторды жобаны іске асырудың барлық кезеңінде сүйемелдейміз. Осы мақсатта облыс әкімі жанындағы инвестициялық штаб, сондай-ақ, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар жұмыс істейді. Мемлекет жер телімдерін беру және қажетті инженерлік инфрақұрылымды жүргізу мәселелерін өз мойнына алады, ал, инвесторлар өндірісті дамытуға қаржы салады, – деді Асқар Ғазалиев.

Жаңа өндіріс орны – өңірдегі инвестициялық ахуалдың жақсарып келе жатқанын айғақтайтын маңызды жобаның бірі. Бұл кәсіпорын құрылыс материалдарын жергілікті жерде өндіру көлемін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын құру, бюджет түсімдерін көбейту және өңірдің өндірістік әлеуетін күшейту бағытындағы маңызды қадам болмақ. Осындай ауқымды жобалардың жүзеге асуы облыстың индустриялық дамуына жаңа қарқын беріп, ішкі нарықты сапалы әрі қолжетімді құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік ашады.

Суреттерді түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

● ҚАБЫЛДАУ

# Жемісті жобалар жалғасады

**Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың өңір тұрғындарымен өткізетін дәстүрлі кездесулері бұл жолы Осакаров ауданында жалғасты. Ашық форматта ұйымдастырылған жүздесуде ауыл тұрғындары өздерін толғандырған өзекті мәселелерді тікелей облыс басшысына жеткізіп, нақты сауалдарына жауап алды. Кездесуде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, елдімекендерді абаттандыру, жол, ауыз су, денсаулық сақтау және ауылдағы өмір сапасын арттыру мәселелері кеңінен талқыланды.**

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жиында сөз сөйлеген облыс әкімі ауданда жүзеге асып жатқан маңызды жобаларға тоқталып, олардың басым бөлігі биыл аяқталатынын атап өтті.

– Биыл Қарағайлы ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Есіл ауылында Есіл өзені арқылы өтетін көпірдің құрылысы мен мектептің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Молодёжный кентінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар үшін жеке инвестициялар есебінен 60 пәтерлі тұрғын үй салынып жатыр. Сонымен қатар, бюджет қаражаты есебінен тұрғын үйлерді сатып алуға қаржы бөлінді. Әлеуметтік әріптестік мәселесіне де арнайы тоқталғым келеді. Аудандағы он алты ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші, яғни өздеріңіздің жерлестеріңіз, аудан әкімдігімен меморандумдарға қол қойды. Олардың әрқайсысы нақты жобаларды жүзеге асырып келеді: жолдарды жөндейді, ауылдарды абаттандыра, балалар және спорт алаңдарын орнатады. Мұндай әріптестік ауылдық елдімекендердің дамуына елеулі серпін беретін маңызды бастама, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Кездесу барысында денсаулық сақтау саласын жетілдіру мәселесі де назардан тыс қалмады. Әсіресе, ауыл тұрғындарының бейінді дәрігерлерге қолжетімділігіне қатысты сұрақтарға жауап берген облыс әкімі өңірде телемедицина жүйесін кезең-кезеңімен енгізу жұмыстары қолға алынғанын жеткізді.

Осакаров ауданының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері туралы аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов баяндама жасап, бірқатар маңызды бағыттағы жұмыстарға тоқталды.

Аудан әкімінің айтуынша, аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – басты басымдықтың бірі. Соңғы жылдары бұл бағытта айтарлықтай жұмыстар атқарылғанымен, мәселе әлі де өзектілігін жойған жоқ.

Өткен жылы сумен жабдықтау жүйесін дамытуға арналған төрт жоба жүзеге асырылып, шағын ауылдарда жеті блокты-модульдік су тазарту станциясы орнатылды. Сонымен қатар, Мирное, Центральное және Приишимское ауылдарында су құбыры желілерін салуға арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Қажетті қаржы бөлінгеннен кейін құрылыс жұмыстары басталмақ.

Ауданда жол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары да кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. Биыл «Осакаровка-Есіл-Қаракөл-Молодёжный» бағытындағы автомобиль жолының 10 шақырымдық бөлігіне орташа жөндеу басталды. Екі жылға жоспарланған жоба аудан тұрғындарының қатынасын жақсартып, елдімекендердің көлік байланысын нығайтуға мүмкіндік береді.

Кездесуде ауыл шаруашылығы саласы мен жайылымдық жер мәселесі де сөз болды. Мал шаруашылығымен айналысатын ауыл тұрғындары үшін бұл мәселенің маңызы ерекше.

Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан «Жайлау» жобасының нәтижесінде бірнеше ауылдық округ пен Молодёжный кентінде жайылым тапшылығын азайтуға қол жеткізілген. Бұдан бөлек, ауданның арнайы жер қорына 2,1 мың гектардан астам жайылымдық жер қайтарылып, бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатыны айтылды.

Ашық диалог барысында тұрғындар көтерген барлық мәселе жауапты мемлекеттік органдардың бақылауына алынып, олардың орындалуы тұрақты түрде қадағаланады.

Кездесу соңында облыс әкімі азаматтарды жеке қабылдап, тұрғындардың жеке өтініштері мен ұсыныстарын тыңдап, оларды заң аясында шешу жолдарын қарастырды.

Осакаров ауданындағы бұл кездесу – халық пен билік арасындағы ашық байланыстың нақты көрінісі. Тұрғындардың ұсыныстары мен көтерген мәселелері алдағы даму жоспарларына негіз болып, ауданның әлеуметтік инфрақұрылымын жетілдіруге, ауылдағы өмір сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстардың жалғаса беретінін көрсетті.

Суретті түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Ауыл жолдары жаңаруда

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Бұқар жырау ауданында автомобиль жолдарын жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасып жатыр. Биыл өңірде жол инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған бірнеше жоба қолға алынып, олардың бірқатары аяқталу сатысына жетті. Бұл жұмыстар тұрғындардың қатынасын жеңілдетіп, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруды көздейді.**

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соның бірі – Ақжар ауылына кіреберіс ұзындығы 5 шақырым болатын автомобиль жолын орташа жөндеу жобасы. Құрылыс жұмыстары толық аяқталып, жол пайдалануға дайын. Жөндеу барысында жолдың бойлық және көлденең бейіні реттеліп, жаңа негіз төселді. Су өткізгіш құбырлар орнатылып, асфальтбетон жабыны жаңартылды. Жол таңбалау сызылып, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті жұмыстар толық орындалды.

Жаңартылған жолдың сапасы зертханалық тексерістен өтті. Жол активтері сапасының ұлттық орталығы жүргізген сынақтардың қорытындысына сәйкес, асфальтбетон жабынының барлық көрсеткіштері қолданыстағы нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді.

Аудандағы жол жөндеу жұмыстары мұнымен шектелмейді. Қазіргі таңда Қарағанды – Калинино – Ақбастау – Суықсу бағытындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолының 5 шақырымдық бөлігінде орташа жөндеу жүргізіліп жатыр. Қазір айналма жол салынуда. Бұл кезең аяқталғаннан кейін мердігер ұйым негізгі жөндеу жұмыстарына кіріседі. Жолдарды жаңарту – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер ететін маңызды жобалардың бірі. Сапалы жол тұрғындардың қатынасын жеңілдетіп қана қоймай, жүк және жолаушылар тасымалының тиімділігін арттырады. Ауданның инвестициялық және туристік әлеуетін көтеруге де ықпал етеді. Жүзеге асырылып жатқан жобалардың нәтижесінде Бұқар жырау ауданындағы елдімекендердің көлік қатынасы жақсарып, тұрғындар мен қонақтар үшін қауіпсіз әрі жайлы жол инфрақұрылымы қалыптасады.

Жол инфрақұрылымын жаңарту – өңір тұрғындарының күнделікті тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін маңызды бағыттардың бірі. Әсіресе ауылдық елдімекендерге апаратын жолдардың жақсаруы тұрғындардың білім, денсаулық сақтау және мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттырады.

**Бұқар жырау ауданы**

● ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫНДА

# Әр теңге нәтижеге жұмыс істеуі тиіс

**Қарағанды облысында өңдеу өнеркәсібінің көлемі 6 пайызға жуықтады. Бүгінде бұл бағыттағы өндіріс көлемі 4 триллион теңгеге жетіп, өсім көрсеткіші 5,8 пайызды құрады. Сонымен қатар, тау-кен өнеркәсібінде де оң динамика байқалып, өндіріс көлемі 7,4 пайызға артқан. Бұл туралы Қарағанды облыстық мәслихаттың кезекті XXXV сессиясында мәлім болды.**

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



### Бесжылдық белесі

Сессияны Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов ашты. Депутаттық корпусқа, қонақтарға және атқарушы билік өкілдеріне қарата сөз сөйлеген Нұркен Кобжанов сессияның ерекше кезеңде өтіп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде өңір бес жылдық стратегиялық даму циклін қорытындылап, жаңа жоспарлау құжаттарын әзірлеу кезеңіне қадам басуда.

– Біз бесжылдықтың қорытындысын, қолжеткізген нәтижелер мен алда тұрған міндеттер туралы ашық әрі шынайы әңгімеге арқау болатын маңызды құжат ретінде қарастырамыз. Мәслихат – облыс тұрғындарының мүддесі толық әрі нақты көрініс табуға тиіс алаң, – деді ол.

Қарағанды облыстық мәслихаты төрағасы бюджет қаражатын тиімді пайдалану мәселесіне де ерекше тоқталды. Оның айтуынша, бюджет шығыстарының жұмсалуына депутаттық бақылау жүргізу – халық қалаулыларының құқығы ғана емес, тікелей міндеті.

Аңдалғандай, өңірдің негізгі өнеркәсіп салаларының барлығында даму қарқыны байқалады. Әсіресе металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі, фармацевтика және құрылыс материалдарын өндіру бағыттарында айтарлықтай өсім бар. Экономиканың дамуына инвестициялық жобалар да серпін беруде. Қазіргі таңда облыстың инвестициялық портфеліне жалпы құны 6,2 триллион теңгені құрайтын 153 жоба енгізілген. Сессия жиынын ашқан Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов күн тәртібіндегі он екі мәселе бойынша қабылданар нақты шешімдер қажеттігін назарға алып, алғашқы сөз кезегін аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевқа ұсынды.



– Өнеркәсіп өңір экономикасының тұрақты өсімін қамтамасыз ететін негізгі бағыттардың бірі болып қала береді. Маңыздысы, даму үдерісі жекелеген бағыттармен шектелмей, облыстың барлық өнеркәсіптік құрылымын қамтып отыр. Даму жоспарын іске асыру аясында жаңа өндірістік нысандар іске қосылды. Олардың қатарында болаттан жасалған тік жікті құбырлар, алюминий радиаторлары, арматуралық анкерлік бекітпелер шығаратын зауыттар және тауарлы бетон өндіретін заманауи кешен бар, – деді өңір басшысы.

Спикер сөзінше экономиканың өзге салаларында да оң көрсеткіштер сақталуда. Ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі 531,9 млрд теңгеге жетті. Биыл агроөнеркәсіп кешенінде жалпы құны 63,6 млрд теңгені құрайтын 26 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Құрылыс саласында да өсім бар – өңірде 600 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді. Халықтың өмір сүру сапасын арттыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Облыста тұрғындарды орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз ету жұмыстары толық орындалды. Жылу желілерінің тозу деңгейін төмендету және елдімекендерді газдандыру бағытындағы жоспарлы жұмыстар жалғасуда. Автомобиль жолдарының жағдайы жақсарып, жұмыспен қамту шараларымен 42 мыңнан астам адам қамтылған.

Депутаттар тарабы облыстың даму жоспарының орындалуы мен бюджеттің атқарылуы туралы есептерді тыңдап, спорт инфрақұрылымының жай-күйіне баға берді, тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасын мақұлдады және бірқатар нормативтік әрі әкімшілік-аумақтық мәселелер бойынша шешімдер қабылдады.

Солайша бес жылға арналған стратегиялық құжат өз мәресіне жетіп, халық қалаулылары белгіленген міндеттердің нақты нәтижелермен қаншалықты үйлескенін бағалау мүмкіндігіне ие болды. Келесі келелі міндет — жоспарланған жобалардың қаншасы жүзеге асқанын және қай бағыттарда межеге толық көлемде жете аларлық межесін анықтау.

### Қазына қаржысы

Сессия жұмысының қарарында 2025 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы кеңінен сөз болды. Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Елнар Уахитов жалпы алғанда көрсеткіштер оң нәтиже көрсеткендігін мәлім етті. Бюджет бүйірінің кіріс бөлігі 179,6 млрд теңгені құрап, жоспардың 104,3 пайызы деңгейінде орындалған. Салықтық түсімдер 167,4 млрд теңгеге жетіп, 7,3 млрд теңгеге артқан. Бұл нақты сектордағы еңбекақы қорының өсуі мен бірқатар ірі кәсіпорындардың пайдасының артуымен тікелей байланысты. Ал, шығыс бөлігі 661,5 млрд теңгеге атқарылған. Игерілмеген қаржы көлемі 1,4 млрд теңгені құрады. Оның негізгі бөлігі табиғи ресурстар және жолаушылар көлігі басқармаларына тиесілі. Бұған Тихоновка бөгетін жөндеуге қатысты сот процестерінің созылуы және Үлкен Бұқпа өзені бойынша жобалық-сметалық құжаттаманың түзетілуі себеп болған.

Бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Арман Әлімжанов және өзге депутаттар бюджет қаражатының жұмсалуына бақылауды күшейтуді, мемлекеттік ұйымдардың жұмыс тиімділігін арттыруды және өңір экономикасына инвестиция тарту жұмыстарын жандандыруды ұсынды.

– Өңірдің қаржылық дербестігін арттыру үшін салық салынатын базаны кеңейту бағытындағы жұмысты жандандыру қажет. Алдымызда 2027-2029 жылдарға арналған бюджет жобасын әзірлеу кезеңі тұрғанын ескере отырып, аталған стратегиялық бағыттарды іске асыру салық түсімдерін ұлғайтуға және бизнестің жауапкершілікпен жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған басым міндетке айналуға тиіс, – деді .

Қосымша баяндама жасаған Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Дана Мухамеджанова аудит қорытындысы бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдалану барысында бірқатар назар аударарлық жайттардың барлығын айтты. Оның айтуынша, қаржы тәртібін күшейтіп, бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты жұмсалуына бақылауды одан әрі арттыру қажет.

Талқылау қорытындысында депутаттар есепті мақұлдап, атқарушы органдарға 2027-2029 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде айтылған ескертулерді ескеруді тапсырды.

### Спорт

Сессия қарсаңында мәслихат депутаттары ауқымды дайындық жұмыстарын жүргізіп, өңірдегі жүзден астам спорт нысанын аралаған. Олардың қатарында ауылдық мектептердің спорт залдары да, ірі қалалық спорт кешендері де бар. Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нуратов қол жеткізілген нәтижелер турасында қазіргі таңда облыс тұрғындарының 42,4 пайызы немесе 460 мың адам спортпен тұрақты түрде айналысатынын, «Спорттық кластер» жобасы жүзеге асырылып жатқанын, Балқаш пен Мойынтыда бюджеттен тыс қаражат есебінен жылдам тұрғызылатын спорт кешендері салынғанын хабарлады.

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Қадиша Оспанова жағдайға анағұрлым шынайы баға берді. Оның айтуынша, жұмыс сапарлары барысында бірқатар жүйелі мәселелер анықталған. Мұның қатарында спорт инфрақұрылымының тапшылығы мен аумақтық теңгерімсіздік бар. Мысалы, Приозерск қаласы мен Нұра ауданында ең қарапайым спорт алаңдарын орнату жұмыстары кідіріп тұр. Ауылдық мектептердегі спорт жабдықтарының тозу деңгейі орта есеппен 69 пайызға жеткен. Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін қаржыландыру мәселесі де өзекті күйінде қалып отыр. Тым ұзаққа созылған құрылыс нысандары да сын садағына ілінді. Мәселен, Ақтоғай ауылындағы стадион құрылысы 2022 жылдан бері аяқталмай келеді. Қарқаралыдағы стадионды қайта жаңғырту жұмыстары 2023 жылдан бері жалғасуда. Жарлы және Бүркітті ауылдарындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешендері де әлі пайдалануға берілмеген.

Сессия қорытындысында қабылданған шешімде 2026-2030 жылдарға арналған дене шынықтыру мен спортты дамытудың кешенді жоспарын әзірлеу, Қарағандыда шаңғы-роллер трассасын салу және ұзаққа созылған құрылыс нысандарын аяқтау жөніндегі нақты тапсырмалар қамтылды. Сонымен қатар, салалық басқармасы мен Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы өкілдері бірлесіп, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру тетігін әзірлеу тапсырылды. Сондай-ақ, жетекші спортшыларға төленетін ай сайынғы ақшалай қамсыздандыру көлемін арттыру мәселесін қарастыру жүктелді. Қазіргі таңда мұндай төлемді оған құқығы бар 590 спортшының тек 120-сы ғана алып отыр.



### Нормативтік өзгерістер

Күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі Қарағанды облысының тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасын бекіту болды. Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысы Саян Мұратұлының мәлімдеуінше, аймақтағы 6 922 көпқабатты тұрғын үйдің 45-і апатты және апат алдындағы жағдайда болса, тағы 104 үй тозығы жеткен тұрғын үйлер қатарына жатады. Бағдарлама екі тетік бойынша іске асырылады. Біріншісі – уәкілетті ұйым арқылы жеке инвесторларды тарту. Екіншісі болса, үлестік құрылыс туралы заңнама аясында «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ кепілдігін пайдалану.

Екі жағдайда да апатты үйлердің тұрғындары құрылыс кезеңінде уақытша тұрғын үймен қамтамасыз етіледі немесе жалдау ақысы өтеледі. Ал, жаңа пәтер бұрынғы баспананың орнына беріледі және оның ауданы бұрынғысынан кем болмайды әрі кемінде бір бөлмелі болуы тиіс. Депутаттар тарабы бағдарламаны бірауыздан мақұлдады.



Күн тәртібіндегі бірнеше мәселе техникалық сипатта болғанымен, олардың әрқайсысы тұрғындардың нақты мүдделеріне қатысты. Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы Жанара Жумакаева тегін медициналық көмектің қосымша түрлерін көрсету туралы шешімге өзгерістер енгізуді ұсынды. Атап айтқанда, псориазды емдеуге арналған Гуселькумаб препараты 2026 жылдан бастап, республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады. Ал, Теклистамаб препараты оны қажет еткен жалғыз науқастың облыстан тыс жерге қоныс аударуына байланысты тізімнен шығарылды.

Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев су ресурстарына қатысты екі мәселені қарарға ұсынды. Біріншісі – ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлемелері туралы 2020 жылғы ескірген шешімнің күшін жою. Екіншісі – 2026 жылға арналған жерүсті су нысандарының су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлемелерін бекіту. Жаңа әдістеме бойынша мөлшерлемелер су бассейнінің, салалық ерекшеліктердің және өңірлік факторлардың коэффициенттерін ескере отырып есептеледі. Екі шешім де депутаттардың қолдауына ие болды.

Күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі бірнеше ауылдық округтерді тарату және олардың шекараларын өзгерту туралы шешім болды. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Татьяна Аблаеваның түсіндіруінше, бұл шешім үш жылдан астам уақыт бойы заң талаптарына сәйкес келмейтін әкімшілік бірліктерге қатысты қабылданған. Аталған округтердің әрқайсысында екіден аз елдімекен және 500 адамнан төмен халық саны тіркелген. Шешім Қарқаралы ауданындағы Қаракөл ауылдық округіне (156 тұрғын), Нұра ауданындағы Соналы ауылдық округіне (100 тұрғын), Осакаров ауданындағы Шідерті (133 тұрғын) және Ертіс (79 тұрғын) ауылдық округтеріне, сондай-ақ, Бұқар жырау ауданындағы Суықсу ауылына (116 тұрғын) қатысты қабылданды. Бұл елдімекендер көршілес ірі әкімшілік аумақтарға қосылады. Баяндамашы атап өткендей, ауылдардың өзі жойылмайды, тек әкімшілік шекаралар өзгереді. Үнемделген бюджет қаражаты ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталады. Тұрғындар ұсынылған өзгерістерді қолдаған.

***

Сессия жиыны соңында кадрлық және ұйымдастырушылық мәселелер қоса қаралды. Қарағанды облысы әкімі аппаратының басшысы Ерлан Ғалиевтің ұсынысымен облыс әкімінің жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы өңірлік үйлестіру кеңесінің құрамдарына біршама өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, депутаттар облыстық бюджеттік комиссияның құрамын да жаңартты. Сессия барысында бюджет процесіне қатысты айтылған сын-пікірлерді ескерсек, бұл шешімнің символдық мәні ерекше болды. Қарағанды облыстық мәслихатының XXXV сессиясында мәслихат депутаттары әдеттегі нормативтік шешімдер қабылдаумен ғана шектелген жоқ. Олар бюджеттік тәртіпке, спорт нысандарының жағдайына және ұзақ мерзімді жоспарлау сапасына қатысты атқарушы биліктің жұмысына нақты баға берді. Сын-пікірлер нақты деректерге, көрсеткіштерге және жауапты тұлғалардың қызметіне негізделді. Тұрғын үй қорын жаңғырту, спорт инфрақұрылымын дамыту және халқы аз ауылдық округтерді оңтайландыру жөнінде қабылданған шешімдер өңірдің дамуына жаңа серпін беруге бағытталды.

Суреттерді түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

● ЕЛ ЖҮРЕГІ

# Туристер таңдаған төр

**Қайбір қалалардың өзіндік жөнекей ғұмыры бар. Бұған таңырқау тосындау жайт. Бір шаһарлар болады. Көз алдыңызда шек-күмәнсіз қалыптасып, өсіп-жетіледі. Астана – сондай қалалардың бірі.**

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



### Арман

Көкті қайшының жүзіндей кесіп-ұшып кезекті лайнер сайын дала бауырына иінін ие бастады. Ұшақ ішіндегі әдепкі жолаушыға иллюминатордан ұзақ уақыт бойы ештеңе көрінбейді: үтіктеп, тегістеп қойғандай жазық дала, анда-санда жылт еткен көл сәулесі, көкжиекпен астасқан шексіз кеңістік қана. Әлдебір сәтте ғана төменде ерек қала кескіні бой көтереді. Иә, адамдар секілді қалалар да тым жылдам өзгерсе, олардың шынайылығына күмәнмен қарауға болады. Біз ескі көшелердің байыппен «қартаюына», қабырғасына сызат түсіп, уақыт табы мен бірнеше ұрпақтың аңызы сіңген мекендерге ғана сенуге үйренгенбіз. Ал, мұнда отызға да толмаған Астана ғасырлар бойы тарихы қалыптасқан қалалармен әлем назарын бөлісіп тұр.

Астана аз ғана уақыт ішінде картадағы қарапайым нүктеден әлемге танылған, талқыланатын әрі саяхатшыларды өзіне тартатын ерекше құбылысқа айнала алды. Биыл ел астанасы бірден үш халықаралық туристік ұйымның мүшесі атанды, Германия, Қытай және Оңтүстік Кореядағы ірі туристік көрмелерге қатысты, шетелдік серіктестермен төрт жүзден астам келіссөз жүргізді. Алайда, мұндай сырлы сандардың ар жағында әлдеқайда маңызды дүние жатыр: Астана өз болмысын қалыптастыра білді.

### Тарлан

Қазақ дүниетанымында өзге тілге бір сөзбен дәл жеткізу қиын ұғымдар бар. Осы сөз тек жылдамдықты ғана білдірмейді. Оның бойында еркіндік пен қарқын, қайсарлық пен айбар, дәлелдеуді қажет етпейтін сенімділік қатар тоғысқан. Жуырда дәл осы атау Tarlan Astana дейтін сәнді оралымымен елорданың жеңіл рельсті көлік жүйесіне берілді. Міне, 2026 жылғы 16 мамыр күні Астана уақытымен сағат 13:00-де бөгенайы бөлек қозғалыс ресми түрде іске қосылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ашылу рәсіміне өзі қатысып, бірнеше станцияны жүріп өтіп, №1 жолаушы картасын алды. Бұл символдық қадам әп-сәтте ақпарат құралдарына тарап, көктемнің ең көп талқыланған оқиғаларының біріне айналды.

Ұзындығы 22,4 шақырым болатын желі қаланың сол жағалауындағы негізгі аудандарды қамтып, Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайын, «Нұрлы жол» теміржол вокзалымен байланыстырады. Екі нүктенің тура арақашықтығы он шақырымнан сәл ғана асқанымен, желі қаланың басты нысандарын қамтитын үлкен доға түрінде салынған. Желіде 18 станция орналасқан. Қозғалыс толық автоматтандырылған әрі машиниссіз жүзеге асады. Осылайша Tarlan Astana аймақтағы алғашқы осындай көлік жүйесіне айналып, технологиялық жабдықталуы жағынан посткеңестік кеңістіктегі әлдеқайда көне метрополитендердің көбінен озық шықты.

Бір қызығы, мұндай сенімнен салқындық емес, қамқорлық сезіледі. Жүйе соншалықты бірқалыпты әрі дәл жұмыс істейді дерсіз, ұзақ сапардан шаршап келген жолаушы вагонға отырған соң еш алаңдамай, терезеден сыртқа қарап қана отыра алады. Терезе сыртында жаңа тұрғын үйлер, құрылыс алаңдары бірінен соң бірі сырғып өтеді. Кеше ғана бос жатқан жерде ертең жаңа шағын аудан бой көтеретінін көресіз. Осы үздіксіз қозғалыстың өзінен қарбалас емес, кең даланың сабырлы да сенімді тынысы сезіледі.

### Талғам

Астана адамдарды өзіне шақыра біледі. Әуежайдан қалаға келе жатқан жолда әңгімелескен такси жүргізушілерінің бірі соңғы екі-үш жылда жұмыс уақытының едәуір ұзарғанын айтты. Бірақ ол мұны ауыртпалық ретінде емес, қуанышпен жеткізді.

– Келетін адамдар көбейді. Демек, жұмыс та көбейді, – деді ол.

Бұл сөздерде шағым емес, туған қаласының өзгерісіне куә болып, соған өзін де аз да болса үлес қостым деп сезінетін адамның сабырлы мақтанышы байқалды.

Осыған ұқсас әсерді үш тілде экскурсия жүргізетін Ұлттық музейдің жас қызметкерінен де естідік. Оның айтуынша, бірнеше жыл бұрын шетелдік туристер тобын қарсы алу сирек болатын ерекше оқиға саналса, бүгінде бұл – күнделікті жұмыс ырғағына айналған қалыпты жағдай. Шын мәнінде, туристік өрлеудің ең шынайы көрінісі дәл осындай қарапайым әңгімелерден құралады. Олар ресми есептерден әлдеқайда сенімді әрі әсерлі. Себебі, қаланың табысы ең алдымен статистикада емес, сол өзгерісті өз өмірімен сезініп жүрген адамдардың жүзінен байқалады.

Әуежайдан және бір ұшақ көтерілді. Әйнектен даланы көктей өткен рельстер де, асқақ күмбездер де, халықаралық фестивальдер де, миллиондаған туристер мен миллиардтаған инвестициялар да – бәрі, ең алдымен, Адам үшін жасалып жатқан қым-қуыт тіршілік кескіні қарауытады. №001 жолаушы картасын қолына алған алғашқы жолаушы үшін. Ұшақтан түсіп, көз алдындағы көрініске алғашында сене алмаған турист үшін. Әр таң сайын Tarlan Astana вагонына отырып, осыдан аз ғана уақыт бұрын мұндай қала мүлде болмағанын да аңғармай өте шығатын елорда тұрғыны үшін. Жұмыс күні ұзара түскенімен, туған қаласына деген мақтанышы титтей де кемімеген такси жүргізушісі үшін. Мұражай залдарында шетел тіліндегі әңгіме бұрынғыдай сирек құбылыс емес, күнделікті жұмысқа айналғанына қуанатын жас экскурсия жүргізушісі үшін...

Суреттерді түсірген
**Оңалхан ӨНЕРХАН,**
**Асантемір ҚАРШЫҒАУЛЫ**



АСТАНА – АСҚАҚ РУХ!

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Әлемде атауы «Астана» деген ұғыммен мағыналас қаланың бірі – Сеул. Қазақстанның бас қаласы Астана атауы да «астана», «орталық қала» деген ұғыммен байланысты қарастырылады.

***

Әлемде бірнеше елдің астаналары ірі өзен жүйелері мен су алаптарының бойында орналасқан. Солардың қатарында Моңғолия астанасы Ұлан-Батор қаласы Селенга өзені алабына, ал, Астана Есіл өзенінің бойына орналасқан.

***

Астана қаласының атауы парсы тіліндегі «астан» сөзінен шығып, кей деректерде «киелі орын», «босаға» деген мағыналармен түсіндіріледі.

***

«Думан» ойын-сауық орталығының мұхитаралы – ТМД аумағында салынған бірегей нысанның бірі. Ол – мұхиттан 3000 шақырымнан астам қашықта орналасқан ерекше аквариум. Мұндағы су көлемі 3 миллион литрді құрайды. Мұнда 2000-ға жуық теңіз жәндігі мекендейді.

***

2003 жылы «Moody's Investors Service» халықаралық рейтинг агенттігі Астананы әлемнің қарқынды дамып келе жатқан қалаларының қатарына қосқан.

***

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада 2,5 миллионнан астам кітап қоры бар.

***

Қаланың бас мешіттерінің бірінде Құранның көне қолжазбаларының көшірмелері сақталғаны айтылады. Бұл қолжазбалар VIII ғасырдағы ислам мұраларымен байланысты деп көрсетіледі.

# Ақиқатқа айналған арман

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Оның құрылысы күрделі инженерлік шешімдерді талап етті. Есіл аңғарының геологиялық ерекшеліктері ескеріліп, іргетасы заманауи технологиялар арқылы нығайтылды. Сондықтан, ертеңгі ұрпақ бұл қаланың сұлулығына сүйсінгенде, оны тұрғызған қарапайым құрылысшының, инженердің, дәнекерлеушінің, тас қалаушының еңбегін де ұмытпауға тиіс.

Астананың бүгінгі келбеті – бүкіл елдің өндірістік қуаты мен еңбек әлеуетінің нәтижесі. Сол күрделі әрі ауқымды құрылыстың ең маңызды тіректерінің бірі ретінде Қарағанды өңірінің орны ерекше.

Қарағандының көмір мен металлургия саласында қалыптасқан өндірістік базасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, елорданың дамуына тікелей әсер етті. Әсіресе, Теміртау металлургия комбинаты өндірген болат пен прокат материалдары көптеген ірі құрылыс нысандарының негізіне айналды. Дегенмен, елорда құрылысына еліміздің әр аймағындағы және шетелдік жеткізушілердің де өнімдері тартылды.

Елорданың инженерлік жүйелеріне әсер еткен ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі – «Ертіс-Қарағанды» каналы. Өткен ғасырдың 70-жылдарында салынған бұл су жүйесінің су ресурстары кейінгі кезеңде елорданың да су жүйесін толықтыруда стратегиялық маңызға ие болды.

Қарағанды мен Астананы байланыстыратын тағы бір маңызды фактор – көлік және логистика жүйесі. Қарағандыдан елордаға құрылыс материалдары, металл бұйымдары мен өндірістік өнімдер тұрақты жеткізіліп, бұл тәуелсіз Қазақстанның ішкі экономикалық байланыстарының нығаюына ықпал етті.

Елорда құрылысында еңбек еткен мыңдаған маманның ішінде Қарағандыдан шыққан инженерлер, дәнекерлеушілер мен құрылыс шеберлері аз болған жоқ. Кеңестік кезеңнен қалған мықты техникалық мектеп пен өндірістік тәжірибе жаңа астананың құрылыс мәдениетіне негіз қалады.

Бас қала құрылысындағы ең маңызды ерекшелік – оның тұтас елдің күш-жігерімен салынуы. Қарағандының өндірістік әлеуеті, Теміртаудың металлургиясы, еліміздің өзге аймақтарының еңбек ресурстары – бәрі бірігіп, жаңа астананың іргесін бекітті. Сондықтан елорда – индустрия мен интеллектінің, еңбек пен технологияның тоғысқан кеңістігі.

Ең бастысы – бұл қала ешқашан тоқтап тұрған жоқ. Ол үнемі дамуда, үнемі жаңаруда. Ал, сол дамудың қозғаушы күші – еңбек адамы. Сондықтан Астана күні – қарапайым жұмысшыдан бастап, инженерге дейінгі барша еңбек адамдарына көрсетілетін құрмет күні.

Ақиқатқа айналған арман – Астана. Ол – ұрпақтардың үміті мен бүгінгі буынның еңбегі тоғысқан ортақ мұра. Есілдің жағасында бой көтерген әр ғимарат, әрбір көше мен алаң – адам еңбегінің мәңгілік ескерткіші. Уақыт өткен сайын бұл қала бұрынғыдан да биіктей береді. Ал, оның биіктігін өлшейтін көрсеткіш – оған еңбегі сіңген азаматтардың асқақ рухы.

Астана – тәуелсіздіктің символы әрі еңбекпен сомдалған елдің жүрегі.

Суреттерді түсірген
**Ерлан ОМАРОВ**



● СЕРПІН

# Жасампаз жастардың қаласы

**Арман арқалаған әр жастың жолы бір күні Астанаға алып келеді. Бірі білім іздейді, бірі кәсіп бастайды, енді бірі мемлекеттік қызметте немесе ғылымда өз орнын табуға ұмтылады. Бүгінде елорда тек саяси шешімдер қабылданатын орталық емес. Ол – мүмкіндіктер қаласы. Жаңашыл идеялар өмірге келетін, таланттар танылатын, жастардың болашағы қалыптасатын мекен. Сондықтан, Астананы бүгінде сеніммен «Жастар қаласы» деуге толық негіз бар.**

**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Тәуелсіздікпен бірге бой көтерген елорданың тарихы – жас мемлекеттің даму тарихы. Қысқа уақыт ішінде шағын қала әлем мойындаған заманауи мегаполиске айналды. Бүгінде мұнда білім, ғылым, цифрлық технология, кәсіпкерлік пен инновация тоғысқан. Бұл өзгерістердің қозғаушы күші – жастар. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2026 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша Астана халқы 1 миллион 668 мың 750 адамға жетті. Қаңтар–сәуір айлары аралығында ғана елордаға 22 мыңнан астам адам ішкі көші-қон арқылы қоныс аударған. Бұл – Қазақстандағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Демек, елдің түпкір-түпкіріндегі жастар өмірін дәл осы қаламен байланыстыруды жөн көреді.

Астана бүгінде ең алдымен білімнің орталығына айналып отыр. Соңғы бір жылдың өзінде қалада төрт жаңа халықаралық жоғары оқу орнының филиалы – Cardiff University, МГИМО, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Сәтбаев университетінің филиалдары ашылды. Қазір елордадағы 20 жоғары оқу орнында 115 мыңнан астам студент білім алып жатыр. Олардың жайлы өмір сүруі үшін 70 студенттік жатақханада 25 мың орын қарастырылған. Бұл көрсеткіштердің өзі Астананың Орталық Азиядағы ең ірі студенттік қалалардың біріне айналып келе жатқанын аңғартады. Біліммен қатар жастар үшін ең маңызды мәселе – жұмыс. Елордада мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыты жұмыспен қамтуға арналған. «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Қоғамдық жұмыстар» бағдарламалары арқылы мыңдаған жас еңбек жолын бастады. Бұған қоса еңбек нарығының сұранысына сай мамандар даярлайтын JOLTAP жобасы бүгінде ең нәтижелі бастамалардың біріне айналды. Жоба іске қосылғалы бері 18,8 мыңнан астам астаналық қысқа мерзімді оқудан өткен. Оның 10 мыңнан астамы тұрақты жұмысқа орналасса, 1,5 мыңға жуық азамат жеке кәсібін ашқан. Бүгінде жастар тігіншілік, дәнекерлеу, бариста, электрмонтаж, бухгалтерлік есеп секілді 12 жұмысшы мамандығын, сондай-ақ, жасанды интеллект, SMM, графикалық дизайн, видеомонтаж, веб-дизайн сияқты цифрлық бағыттарды тегін меңгеруде. Бұл – еңбек нарығының сұранысына бейімделген жаңа модель.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру да назардан тыс қалған жоқ. Қалада 10 аула клубы жұмыс істейді. Мұнда 2,5 мыңға жуық бала мен жасөспірім 130 тегін үйірмеге қатысады. Оның ішінде, 74 спорттық, 56 шығармашылық бағыт бойынша үйірмелер жұмыс істейді. Мұндай орталықтар жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беріп қана қоймай, құқық бұзушылықтың алдын алуға да ықпал етеді. Патриоттық тәрбие де мемлекеттік жастар саясатының маңызды бағытына айналған. Қазір елордадағы 63 мектеп пен 14 колледжде «Жас сарбаз» клубтары жұмыс істейді. Онда 3 мыңнан астам жас әскери-патриоттық тәрбие алып, ерлік сабақтарына, тарихи кездесулерге және әскери-спорттық жарыстарға қатысады. Бұл жастардың елге деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың тиімді тетігіне айналып отыр. Бүгінгі Астана – цифрлық экономиканың да драйвері. Қалада стартап мәдениеті қарқынды дамып келеді. Astana Hub халықаралық технопаркі, жаңа IT-кампустар, халықаралық университеттердің филиалдары, цифрлық білім беру бағдарламалары жас мамандардың жаңа буынын қалыптастыруда. Бұл жерде жастар тек жұмыс іздемейді, олар жаңа жұмыс орындарын өздері құрып жатыр.

Бүгінде Астана жастарды тек біліммен немесе жұмыспен ғана қамтамасыз ететін қала емес. Елорда жаңа экономиканың, инновация мен креативті индустрияның орталығына айналып келеді. Бүгінде жастар үшін мансап мемлекеттік қызметтен немесе кеңседегі жұмыстан ғана басталмайды. Олар IT саласында стартап құрып, халықаралық жобаларға қатысып, жасанды интеллект бағытында білім алып, әлемдік компанияларға Қазақстаннан шықпай-ақ, қызмет көрсете алады. Осы мүмкіндіктердің өзегіне айналған Astana Hub халықаралық технопаркі бүгінде Орталық Азиядағы ең ірі инновациялық экожүйелердің бірі саналады. Жеті жыл ішінде мұнда 1 875 компания шоғырланды, олардың 470-тен астамы – шетелдік қатысушылар. Технопарк резиденттерінің жалпы табысы 4,3 миллиард АҚШ долларына жетсе, IT қызметтерінің экспорты 1,5 миллиард доллардан асты. Бұл – Астананың цифрлық технологиялар саласындағы көшбасшылық позициясын айқындайтын көрсеткіш.

Суретті түсірген **Ерлан ОМАРОВ**

МӘДЕНИ МҰРА

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

## Болат Тәкіш:

# Шертпе күйдің отанына шертпе күй орталығы керек

**Домбыра – қазақтың жаны, күй – ұлттың тағдыр-тарихы. Сарыарқаның самал желімен бірге есіп, Тәттімбет пен Тоқаның үнімен өрілген шертпе күй мектебінің бүгінгі сабақтастығы қай деңгейде? Ұлттық домбыра күні қарсаңында белгілі өнерпаз, бүгінде аңыз күйші Аққыз Ахметқызының аманатын арқалап жүрген жиені, Республикалық күйшілер одағының облыстық филиалының төрағасы Болат Тәкішпен Сарыарқа күйшілік өнерінің бүгінгі ахуалы мен көкейкесті мәселелері төңірегінде аз-кем әңгіме өрбіткен едік..**



**– Қарағанды өңірі – шертпе күйдің алтын бесігі дейміз. Бүгінгі таңда осы мұраның дәріптелуі көңіліңізден шыға ма?**

– Шынын айту керек, біз шертпе күйді әлі де жеткілікті дәрежеде дәріптеп жүрген жоқпыз. Осы бағытта шертпе күй орталығын ашсам деп біраз жылдан бері ізденіп жүрмін. Талай есікті жағаладық. Ойымыз – осы істі аяғына жеткізу. Орын да ұсынған кездер болды. Бірақ, көбіне қала шетінен, өнер адамдары мен жастарға қолайсыздау жерлерден ұсынылады. Ал, шертпе күй орталығы жұрт еркін келетін, ақсақал күйшілер де, студенттер де, өнерге құмар жастар да бас қосатын жерде болғаны дұрыс. Өз басым Достық үйінен бір орын берілсе, өте орынды болар еді деп ойлаймын. Өйткені, ол жердің рухани орта қалыптастыруға мүмкіндігі бар.

Шертпе күйдің отанында арнайы орталық болуы керек. Ол жай ғана кабинет емес, нағыз руханият ордасы болса деймін.

**– Арқа шертпе күй мектебі дегенде көбіне Тәттімбет пен Тоқаның есімі аталады. Десе де, бұл мұра бізге бірнеше буын арқылы жетті ғой. Осы дәстүрді жалғаған, тасада қалып бара жатқан тұлғалар туралы не айтасыз?**

– Әрине, Арқа күйшілігінің іргесін Тәттімбеттен бастасақ, одан әрі Қыздарбек, Әбди, Сембек, Тоқа, кейін Аққыз деп жалғастырамыз. Бұл – үлкен тізбек. Сол тізбекті үзбей, бүгінге жеткізген шежіре адамдар болды. Соның бірі – Дәулетбек Сәдуақасов ақсақал.

Дәулетбек ақсақал Шет ауданының тумасы еді. Қыздарбек, Әбди, Сембек, Мақаш сынды көне күйшілердің мұрасын жақсы білді, дәріптеді. Ол кісі тек орындаушы емес, ескі әңгімені, күйдің шығу тарихын, әр қағыстың мәнін білетін шежіре адам болатын. Мен ол кісіні өзіме ұстаз тұтамын.

2007 жылы Аққыз әжеміздің күй кешін өткізгелі жүргенде, Дәулетбек ақсақалдан ақыл сұрай бардым. Домбыра жасап отыр екен. Үйге кіргізді де, қолыма домбырасын ұстатып: «Қане, күй тартшы», – деді. Мен оркестрде тартып жүрген желдірме күйлерімді орындай бастадым. Бір уақытта тоқтатып: «Сен кімнің күй кешін өткізгелі жүрсің? Кімнің жиенісің?» – деді. «Аққыздың жиенімін» дедім. «Ендеше неге Аққыздың күйін тартпайсың? Өз бабаңның төл өнерін, шертпесін жандандыр», – деп тапсырма берді. Міне, содан бері шертпе күйге біржола бет бұрдым.

**– Сонда Арқаның күй мұрасы толық түгенделді деп айта алмаймыз ғой?**

– Толық түгенделді деп айту қиын. Шертпе күй жоқ емес, бар. Бірақ, соны іздеуіміз, дәріптеуіміз, жүйелеуіміз кемшін болып тұр. Ел ішінде ескерусіз жатқан күйлер де, есімі көп аталмай жүрген күйшілер де болуы мүмкін. Әсіресе, Шет, Ақтоғай, Қарқаралы өңірінде әр күйдің өзіндік орындаушылық ерекшелігі сақталған.

Мысалы, Аққыздың қағысы бөлек, Тәттімбеттің иірімі бөлек, Қыздарбек пен Сембектің іліп тартатын ерекшелігі бөлек. Кейбіреулер Қыздарбек пен Сембектің күйлерін шерте де алмайды. Сондықтан, күйді нотаға қарап қана үйрену аз. Оның мінезін, тынысын, ішкі иірімін сезіну керек.

Бізде Қалкен ақсақал бар. Төлеутай Асқаров деген әнші, күйшілікке де қарымы бар азамат бар. Жастардан Мадияр Сүлейменовті айтуға болады. Шертпе күйдің шебері, республикалық деңгейде аймағымыздың айбынын асырып жүр. Манап Ақынбеков Ақтоғайдағы Мағауия Хамзин мұрасын дәріптеп, өзі де күй шығарып жүрген өнерпаз. Осындай азаматтарды бір ортаға топтастырып, Арқа күйінің бүгінгі келбетін жүйелі түрде көрсетуіміз керек.

**– Ұлттық домбыра күні қарсаңында осы мәселе тіпті өзекті көрінеді. Мерекелік концерттерде Арқа шертпесі қаншалықты орындалып жүр?**

– Осы жерде көңілді күпті қылатын бір жайт және бар. Жыл сайын Ұлттық домбыра күніне елге белгілі күйшілер шақырылады. Оған қарсы емеспін. Бірақ, қарап отырсам, ішінде өзіміздің өңірдің күйшілері көп көріне бермейді. Ал, біздің күйшілер олардан еш кем емес.

Шертпе күйдің отанында отырып, бір шертпе күйдің орындалмауы күйінішті-ақ. Өз өңіріміздің күйшілерін неге ұмыт қалдырамыз? Осында туған, осында қалыптасқан, Арқаның қоңыр үнін сақтап жүрген өнерпаздар бар ғой. Ұлттық домбыра күнінің мазмұнын байытамыз десек, ең алдымен, өз топырағымыздан шыққан күй мұрасын төрге оздыруымыз керек.

**– Аққыз Ахметқызы туралы бөлек сұрамасқа болмайды. Сіз ол кісінің көзін көрген адамсыз. Әрі жиенісіз. Аққыздың күйшілік болмысы қандай еді?**

– Күйшілік өнер маған нағашыларымнан дарыды деп ойлаймын. «Жігіттің жақсысы нағашысынан» дейді ғой. Аққыз апамның көзін көрдім. Бала кезімізде Ақтоғай ауданына қандай игі жақсылар келсе де, бірден әженің үйіне жиналатынбыз. Қаратал ауылына барамыз. Сонда апама: «Күй шертіп беріңізші», – деймін. Біздің көңілімізді қимай, сексеннен асса да домбырасын алып, күй шертіп беретін.

Шерткенде де қандай! Бала күнімнің өзінде зарлы үнмен тартатыны есімде. Өз шешем кейде жақтырмай: «Зарлы тартады», – дейтін. Бірақ, сол үн менің төбе-құйқамды шымырлататын. Ол күйдің ішінде адамның тағдыры, елдің мұңы, заманның ізі жатқандай сезілетін.

**– Аққыздың кеш танылуына не себеп болды деп ойлайсыз?**

– Оның бір себебі – заманның озбырлығы. Аққыз байдың қызы болған. 1928 жылдары әкесін кәмпескелеп, жер аударған. Ол кездегі жағдай белгілі ғой. Байдың тұқымы деген таңба өнер адамының жолын да бөгеді. Шеттетілді. Бертінде ғана Ақселеу ағалардың, зерттеушілердің арқасында қайта танылa бастады.

Жарқын Шәкәрім студент кезінде-ақ, әжемізден сұхбат алған. Қазір Аққыздың тоғыз күйі нотаға түсті. Үш-төрт күйін оркестр орындайды. Бірақ, мұнымен бәрі бітті деп айтуға болмайды. Аққыздың тағы да күйлері болуы мүмкін. Жанғали Жүзбай осы бағытта зерттеп жүр.

**– Консерватория мен колледждерде төкпе күй мен шертпе күй қатар оқытылады. Бұған көзқарасыңыз қалай?**

– Ә дегеннен оған қарсылығым жоқ. Себебі, өзім де алғаш Алматыда оқып жүргенде Нұрғисаның күйлерін жақсы көретінмін. Төкпе күй де – қазақтың ұлы мұрасы. Бірақ, әр мектептің өз табиғатын жоғалтпау керек.

Қазіргі білім беру бағдарламаларында Тәттімбет пен Құрманғазыны қатар үйретеді. Бұл дұрыс шығар. Бірақ, шертпе күйдің өз ерекшелігін, қоңыр үнін, қағысын, ішкі философиясын бөлек түсіндіру қажет. Әйтпесе, бәрі бірдей желдірме, сахналық сипатқа кетіп қалуы мүмкін.

**– Қазір күйлерді оркестрмен орындау жиі кездеседі. Бұл Арқа шертпесінің табиғи болмысына әсер етпей ме?**

– Кей күйшілер оркестрді жақтырмайды. «Оркестр күйді құртты» дейді. Мен олай ойламаймын. Оркестр құртпайды. Мәселе қалай орындауда.

Домбыра, қобыз, дауылпаз, шаңқобыз – бәрі ұлттық аспаптар. Ұлттық колорит бар. Әрине, оркестр жеке орындаушының иірімін дәл сол күйінде бере алмауы мүмкін. Бірақ, бояуын қанықтырып, түрлендіріп жеткізе алады. Егер жеке орындаушы мен оркестр қатар жүрсе, еш әбестігі жоқ.

Мысалы, Секен Тұрысбек оркестрмен орындағанда өзі бастап келеді де, бір мезетте оркестр қосылып кетеді. Нұрғиса да солай істеді. Сонда өте әдемі шығады. Құрманғазы, Тәттімбет атындағы халық аспаптар оркестрлері бүгінде небір кесек туындыларды құйқылжытып орындап жүр. Аққыздың күйлері де солай шықса, мен қарсы емеспін. Күй – мәңгілік.

**– Өзіңіз үшін домбыраның үні, аспаптың табиғаты қаншалықты маңызды?**

– Өте маңызды. Домбыраның үні күйшіге тікелей әсер етеді. Бір қызық оқиға айтайын. 2017 жылы Аққыздың 120 жылдығында Ұлттық арнаның «Таңшолпан» бағдарламасына Секен Тұрысбек ағамен бірге шақырылдық. Бір күн бұрын Астанаға барып, Секен ағамның үйіне түстім. Дайындық кезінде сол кісінің домбырасымен күй тарттым.

Эфирге шығарда Секен ағам: «Күйлерің осы домбырамен жақсы шықты, эфирге осымен шық», – деді. Эфир біткен соң: «Сенде қалсын», – деп домбырасын маған берді. Содан бері үлкен сахналарға сол домбыраны қалдырмай алып шығамын. Ол домбыра мен үшін өте қымбат.

**– Қарағандыда Күй аллеясының ашылуы да осы бағыттағы бір бастама болды ғой...**

– Иә, ол жақсы бастама болды. Осыдан бірер жыл бұрын Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ректоры Нұрлан Дулатбековтің бастамасымен Күй аллеясы ашылды. Жастар көп жүретін жерде орналасқаны дұрыс болды. Онда жергілікті күйшілердің де, танымал күйшілердің де шығармалары шертіліп тұрса, жас буынға ерекше әсер етеді.

Мұндай жобалар көп болуы керек. Бірақ, тағы айтамын, шертпе күйдің өз орталығы болса, тіпті жақсы болар еді. Бұл – бір адамның ғана арманы емес, Арқа күйін қадірлейтін көп адамның тілегі.

**– Сөз соңында, бүгінгі ұрпаққа не айтар едіңіз? Шертпе күйді түсіну үшін адамға ең алдымен, не керек?**

– Ең алдымен, ықылас керек. Күйді жай тыңдау бір бөлек, оны түсіну бір бөлек. Шертпе күй – асықпай тыңдайтын, ішіне үңілетін өнер. Оның әр қағысында тарих, тағдыр, мінез бар.

Біз шертпе күйдің отанында отырмыз. Сондықтан, бұл мұраны өзіміз қадірлемесек, өзгеден талап ету қиын. Тәттімбеттен, Қыздарбектен, Әбдиден, Сембектен, Тоқадан, Аққыздан жеткен қоңыр үнді жоғалтпау – бәрімізге ортақ аманат.

**– Мазмұнды сұхбатыңыз үшін рақмет! Мереке құтты болсын!**

Әңгімелескен
**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

# Ұлт жадының үні

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Белгілі зерттеуші Тұрсынбек Мерғалиевтің «Домбыра сазы» атты еңбегі де күйтану ғылымындағы маңызды жұмыстардың бірі саналады.

Белгілі жазушы, этнограф Ақселеу Сейдімбек те осы қастерлі өнерді зерттеу еңбектері арқылы жоғалғанымызды тауып, барымызды түгендеуге өлшеусіз үлес қосты. Оның «Күй шежіре» деген екі томдығы күй өнерінің тамырына бойлап, тарихи кезеңдерін жүйелеп, күй аңыздарын жан-жақты талдайды. Ал «Қазақтың күй өнері» кітабы күйдің шығу тегі мен түрлерін, даму жолын баяндайтын, үш жүзге жуық күйшінің есімі мен мұрасын қамтыған көлемді ғылыми-танымдық еңбек. «Күңгір-күңгір күмбездер» – Күйшілік өнер, күй аңыздары мен қазақ музыкасының философиялық-эстетикалық мәні туралы жазылған әйгілі кітап.

Бұдан бөлек қазақтың бүгінгі дәулескер күйшісі Жанғали Жүзбайдың да «Күй ноталары» кітабының күйді зерттеу саласында алар орны айрықша. Дарынды күйші Қайрат Айтбайдың да сіңірген еңбегі көл-көсір.

Зерттеулердің және насихаттау бағытындағы жемісті еңбектердің арқасында қазақтың күй өнері бүгінде ұлттық шеңберден шығып, халықаралық деңгейде кеңінен танылa бастады. Оның жарқын дәлелі – 2014 жылы ЮНЕСКО-ның «Домбырада күй орындау өнерін» адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативтік тізіміне енгізуі. Бұл – қазақ күйінің әлемдік мәдениет үшін де құнды мұра екенін мойындаудың айқын көрінісі.

Кейінгі жылдары халықаралық фестивальдерде қазақ күйлері тұрақты орындалып келеді.

Ұлттық өнерді әлемге танытуда заманауи сахна жұлдыздарының да үлесі зор. Мәселен, әлемге танымал әнші Димаш Құдайберген Нью-Йорктегі концертінде Құрманғазының әйгілі «Адай» күйін орындап, мыңдаған шетелдік көрерменді қазақ музыкасының құдіретімен таныстырды. Әлеуметтік желілерде де домбыра өнеріне қызығушылық артып келеді. TikTok, YouTube және Instagram желілерінде қазақ күйлерін орындаған бейнероликтер миллиондаған қаралым жинап, ұлттық өнердің жаңа аудиторияға жол ашуына мүмкіндік беріп отыр.

Тіпті, жаһандық деңгейдегі беделді тұлғалардың өзі қазақ домбырасына ерекше қызығушылық танытуда. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне келген Рим Папасы Франциск домбыраны Қазақстан мәдениетінің ерекше символы деп бағалап, оның екі ішегін шығыс пен батысты байланыстыратын рухани көпірге теңеген еді. Мұндай пікірлер ұлттық өнеріміздің халықаралық беделінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Сондықтан күй өнерін сақтау, зерттеу, насихаттау – тек мәдениет саласының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Ұлттық домбыра күні осы мақсатты жүзеге асыратын маңызды рухани мерекеге айналды. Бүгінде қазақ күйі тек Қазақстанның ғана емес, әлемдік мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде мойындалып үлгерді.

Домбыраның қоңыр үні ешқашан өшпеуі тиіс. Өйткені сол үнде қазақтың кешегісі де, бүгіні де, ертеңі де жатыр.

*Сурет Алматы қаласы әкімдігінің сайтынан*

● КҮЙГЕ ҚҰШТАР

# «Толқыннан толқын туады»

**Қарағандыдағы Тәттімбет атындағы өнер колледжінде қаз мойын домбыраны серік етіп, төл өнерді төрге оздырып жүрген жаңа толқын қалыптасып келеді. Биылғы Ұлттық домбыра күні қарсаңында аталған өнер ордасынан түлеп ұшқан төрт жас күйшіге арнайы тоқталудың реті бар. Олар – Нұрмұхаммед Жақан, Елдар Мақсұтбеков, Қадыр Жұмабек және Әлия Құрмашқызы. Әрқайсысының өнерге келу жолы бөлек болғанымен, бәрін біріктіретін бір қасиет бар. Ол – домбыраға деген адалдық, күйге деген құрмет.**

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Нұрмұхаммед Жақан – күйдің киесін ерте сезінген жас. Домбыраға деген ынтасы алты-жеті жасында оянып, алғашында ермек көрінген әуестік уақыт өте тағдырлы таңдауына айналды. Қарағандыдағы Қасым Аманжолов атындағы музыкалық мектепте өңірге есімі таныс ұстаз Жанат Нариманқызынан тәлім алып, домбыраның әліппесін меңгерді. Әдетте музыкалық мектепті бес жылда аяқтайтындар көп болса, Нұрмұхаммед бұл ортада жеті жыл оқып, аспаптың қыр-сырын тереңірек игеруге ден қойды.

Тәттімбет атындағы өнер колледжіне келген соң Нұрмұхаммедтің тынысы ашыла түсті. Оның қалыптасуына жас болса да талай республикалық байқаулардың лауреаты атанған күйші Темірлан Құбаттың ықпалы зор болды. Ұстаз бен шәкірт арасындағы сол шығармашылық байланыс Нұрмұхаммедтің орындаушылық өрісін кеңейтіп, сахналық сенімін бекітті. Кейін Темірлан Құбат Алматыға ауысқан соң, оған талай шәкірттің бабын тауып, бағын ашқан тәжірибелі ұстаз Гүлжамал Әбішева жетекшілік етті.

Колледжде оқып жүрген жылдары ол талай байқауда топ жарды. 2024 жылы Ақтау қаласында өткен дүбірлі додада небәрі он жеті жасында жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Елдар Мақсұтбеков те өнерге бөтен емес. «Ат тұяғын тай басар» демекші, оның әкесі – дүлдүл әнші Дәуренбек Әркенов. Сондықтан, Елдардың бойындағы өнерге құштарлықтың тамыры тереңде жатыр. Бала күнінен ән мен күйге жақын өскен ол Тәттімбет атындағы өнер колледжінде жүріп, өзінің орындаушылық қабілетін шыңдай түсті.

Колледж қабырғасында жүрген кезінде Елдар түрлі байқауларға қатысып, өнерімен көзге түсті. Оның бір ерекшелігі – тек жеке орындаушылықпен шектелмей, ұжымдық өнерге де бейім болуы. Екінші, үшінші дауыстарды дәл тауып, ансамбльдік орындаудың табиғатын жақсы сезінеді. Бұл қабілет кез келген жас өнерпаздың бойынан табыла бермейді.

Елдардың бастамасымен екі жыл бұрын этно стильдегі «Жорық» ансамблі құрылды. Бүгінде бұл ұжым той-домалақта, концерттерде, мерекелік іс-шараларда өнер көрсетіп жүр. Абай қаласына, шалғай аудандарға барып, ел аралап, ұлттық өнердің насихатына үлес қосуда. Ансамбльге деген сұраныстың артып келе жатқаны да жас ұжымның аяқ алысы жаман емес екенін аңғартады. Елдардың өнердегі ұстазы – дәулескер күйші Ізтілеу Сәлім. Қадыр Жұмабек – есіміне сай зерек, ойлы жас. Оның өнерге келу жолында күймен қатар өлеңнің де орны ерекше. Жастайынан жыр додаларына қатысып, ақындардың өлеңдерін жатқа оқып, көпшілік орталарда көркем сөзге деген құштарлығын танытты. Өлеңге жақындық оның күйшілік болмысына да әсер еткен секілді. Себебі, шертпе күйдің табиғаты да поэзияға жақын. Онда сыртқы дабырадан гөрі ішкі үн, ой, сыр басым.

Қадырдың ұстазы – шертпе күйдің шебері Мадияр Сүлейменов. Осындай ұстаздың алдын көру жас орындаушының талғамын қалыптастырып, күйге жеңіл қарамауға үйреткені анық.

Төрт түлектің бірі – Әлия Құрмашқызы. Ол да өнерлі ортадан шыққан. Әкесі – әнші Құрмаш Ыбыш. Үй іші домбыраға, әнге, ұлттық өнерге жат емес. Сондықтан, Әлияның бұл салаға келуі де заңдылық секілді. Өнер мектебін тәмамдаған ол кейін Тәттімбет атындағы өнер колледжінде білімін жалғастырып, ұстаз Гүлжамал Әбішеваның сыныбына түсті.

Әлия туралы қатарластарының айтатын бір сөзі бар: «ең еңбекқор». Бұл – жас өнерпаз үшін ең үлкен мінездеме. Өйткені, талант бір бөлек, ал, сол талантты тұрақты еңбекпен ұштау – мүлде басқа қасиет. Күн сайынғы дайындық, қағысты түзету, дыбысты іздеу, шығарманың мінезін табу – мұның бәрі табандылықты талап етеді.

*Сурет кейіпкерлерден*

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

### Индира Тоқмурзина:

# Ортақ құндылық – адамзаттық ізгілік

**Пандемия кезінде енгізілген шектеу шараларына байланысты тұрғындар үйден шықпай, уақыттың басым бөлігін отбасымен өткізген еді. Осындай кезеңде «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы әрі идея авторы Нұркен Асанов пен оның қызы арасындағы қарапайым ғана әңгіме үлкен ойға жетелеген. Әкесі қызына «Саған бақытты сәт деген қандай уақыт?» деген сұрақ қояды. Қызының «Әкем менімен көбірек уақыт өткізсе екен» деген жауабы әкенің өмірлік ұстанымын қайта саралауға түрткі болады. Осы сәттен бастап ол өз құндылықтарына жаңаша көзқараспен қарап, бала тәрбиесіндегі ең маңызды дүние – ата-ананың балаға бөлетін сапалы уақыты екенін терең түсінеді. Осы ойды қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында бірқатар пікірлес азаматтардың басын қосып, аталған идеяны нақты іске асыруға кіріскен. Нәтижесінде, аталған бірлестік құрылып, оның негізгі бағыты айқындалады. Кейін ұйымның қызметі кеңейіп, еліміздің 16 өңірінде филиал ашылыпты. Бүгінде бірлестікке 156 мыңнан астам ата-ана мүше болса, оның ішінде өңірде 7 362 ата-ана ұйым жұмысына тартылған. Аталған қоғамдық бірлестіктің өңірлік филиалы осыдан төрт жыл бұрын ашылыпты. Біз ұйымның облыстық филиалының жетекшісі Индира Тоқмурзинамен сұхбаттасып, игі бастамалар жайында сөз қозғадық.**

**– Осы жаһандану кезеңінде ата-аналардың тәрбие құралы қандай болу керек?**

– Біздің ұйымның негізгі ұстанымы – саясаттан, діннен және тілдік ерекшеліктен тыс болу. Өйткені, көшеде жылап тұрған кез келген баланы біз бөтенсіп, кеудесінен итермейміз. «Баланың бөтені жоқ» деген қағида – біздің басты ұстанымымыз. Сондықтан, біз үшін ортақ құндылық – адамзаттық ізгілік. Жынысына, тіліне, ұлтына немесе түріне бөлмейміз. «Елу жылда ел жаңа» дейді ғой. Қоғам да, тәрбие де өзгеріп келеді. Бұрынғыдай авторитарлық, қатаң тәрбиенің орнына бүгінде балаға мейіріммен қарау, оны тыңдау, онымен дос бола білу маңызды. Қазіргі заман ата-анадан соны талап етеді. Баланы күшпен, қысыммен тәрбиелеу мүмкін емес. Өйткені, олардың ойлау жүйесі де, дүниетанымы да мүлде бөлек. Кейде үлкендер «Бұрын бізді интернет тәрбиелемейтін, ата-ананы тыңдайтынбыз» деп айтады. Бірақ, заман өзгерді. Оған өкпелеп, өткенді аңсаумен шектелуге болмайды. Өркениет көшіне ілесу үшін жаңа жағдайға бейімделу қажет. Сондықтан, біз азаматтық ұйым құру арқылы қоғамда ой салуды, санаға серпіліс беруді мақсат еттік. Біздің ұйым «Ой айту емес – ой ояту», «Ақылмен тыңдап, жүрекпен жеткіз», «Құндылықты қадірле – құтың толсын», «Тектілер ту көтереді» деген ұстаным негізінде жұмыс істейді.

**– Жалпы қоғамды өзгерту туралы көп айтамыз. Бірақ, сіздің тәжірибеңіздегі қоғамды өзгертудің ең тиімді жолы қайсысы: заң ба, білім бе, әлде жеке үлгі ме?**

– Біздіңше, бұл бағыттағы жұмыс «жеке үлгі» қағидасына негізделеді. Яғни, ұйым қызметін де біз ең алдымен жеке тұлғаның өнегесі арқылы қалыптастыруға тырысамыз. Мысалы, әлемге танымал әнші Димаш Құдайбергенді алсақ, ол қазақ тілінде ән айту арқылы қазақ мәдениетін, қазақ тілінің құндылығын жаһанға танытты. Соның нәтижесінде әлемнің әр түкпірінде оның фан-клубтары қалыптасты. Бұл – бір адамның ықпалымен жасалған үлкен мәдени миссияның көрінісі. Біздің ұйым ішінде де осындай азаматтар бар. Қарағанды өңірінде «Өмірің өз қолыңда» және «Азамат» жобалары жүзеге асырылып келеді. Бұл бастамалар қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеруге бағытталған. Соңғы уақытта «Неге ата-аналар балаларын әскерге жіберуге алаңдайды?», «Неге қазіргі буынның әлсіздігі туралы пікірлер жиі айтылады?», «Неге әскерде жүрген жастар арасында психологиялық қиындықтар, тіпті, суицидке бейімділік кездеседі?» деген сауалдар бүгінде өршіп тұр. Сондай-ақ, кейбір әскери қызметшілер арасында ойынқұмарлыққа бейім жағдайлардың да кездесетіні жасырын емес. Осы мәселелерді ескере отырып, биыл сәуір айынан бастап «Азамат» жобасы іске қосылды. Жоба аясында жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру, сапалы ақпарат ұсыну үшін сала мамандары мен сарапшылар тартылып, жүйелі түсіндіру және алдын алу жұмыстары жүргізілуде.



**– Қазіргі таңда қоғамдық ұйымдардың саны артып келеді. Бірақ, олардың бәрі бірдей қоғамдық пікірге ықпал ете алмайды. Ұйымның шынайы ықпалын немен өлшеуге болады?**

– Шынайы нәтижені тек жүйелі атқарылған жұмыстар арқылы ғана бағалауға болады. Мемлекет қоғамдық бірлестіктерге белгілі бір көлемде қаржы бөліп отыр. Демек, сол қаражат нақты мақсатқа бағыттап, басталған іс толық әрі сапалы жүзеге асуы тиіс. Бір реттік шаралар өткізіп, аз ғана адамды жинап, суретке түсіп, есеп беру нәтиже ретінде қабылданбауы керек. Негізгі міндет – қоғам санасына ықпал етіп, ұзақ мерзімді өзгеріс әкелетін бастамаларды іске асыру. Бұл – тек ұйымдардың емес, әрбір азаматка ортақ жауапкершілік деп білемін. Өйткені, бұл қоғамда мен де, сіз де, біздің балаларымыз да өмір сүреді.

Халықтың санасын оятатын игі бастамаларды қолға алып, проблеманы шешу жолында жұмыс жасау керек. Әйтпесе, санға емес, сапаға назар салатын уақыт келді ғой. Біздің көп есеміз кетті. Сондықтан, не жасаса да, азаматтық ұйым болсын, үкіметтік емес ұйым, қоғамдық бірлестік болсын қолға алған істі шын ықыласпен жасау қажет. Өйткені, бұл қоғамда біз де, сіз де, балаларымыз да өмір сүреді.

«Тілмен емес, тірлікпен іс қыл» әлеуметтік жобамыздың аясында жоғарыда айтылған «Азамат» бастамасы биылдан бастап қолға алынды. Ал, «Өмірің өз қолыңда» бастамасы биыл үшінші жыл қатарынан жүзеге асырылып келеді. Аталған бастама қоғамда нақты сұраныстан туындаған. Бір кездері оқушылар мен студенттер арасында электронды темекі мен вейп өнімдерінің кең таралуы өзекті мәселеге айналған еді. Осы түйткілдің алдын алу мақсатында біз білім беру ұйымдарына барып, оқушылармен және ата-аналармен кездесулер өткіздік. Жүргізілген түсіндіру жұмыстары өз нәтижесін беріп, кейіннен аталған құрылғыларды сатуға мемлекет тарапынан тыйым салынды. Бүгінде де бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасып келеді.

**– Қоғамдық мәселелерге көзқарасында қандай да өзгеріс байқадыңыз ба?**

– Біздің ұйымға кері байланыс білдіретіндер көп. Әсіресе ізгілік, мейірімділік, адамгершілік бағытында көтерілген тақырыптар ата-аналар тарапынан үлкен қызығушылық тудыруда. Көптеген ата-ана өздерінің түрлі мәселесі бар екенін айтып, сол қиындықты еңсеру үшін кеңеске мұқтаж екенін жеткізеді. Ұйымға келіп, өз ойымен бөлісетін азаматтар да алғысын білдіріп жатады. Сонымен қатар, әлеуметтік желі арқылы да ата-аналар тарапынан «Жасөспіріммен өтпелі кезеңде қалай дұрыс жұмыс істеуге болады?» деген мазмұндағы сұрақтар жиі түседі. Бұл – қоғамдағы нақты сұранысты көрсететін кері байланыс. Бұдан бөлек, «Ауыл – Алаш айнасы» бағыты аясында бірқатар ауылдарға арнайы сапарлар ұйымдастырылды. Білім басқармасы мен полиция департаментімен өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалған. Сол меморандум аясында білім ошақтарымен де тығыз жұмыс жасап келеміз.

Жалпы, адам баласы қоғамға пайдасын тигізу үшін өмір сүреді. Біздің ұйымның да басты мақсаты – қоғамға оң өзгеріс әкелу. Сондықтан, біреудің санасына ықпал етуде абай болу маңызды. Өйткені, әрбір әрекеттің жауапкершілігі бар. Мінсіз адам жоқ. Әр адамның бойында мүмкіндік те, әлсіздік те қатар жүреді. Біз соның ішіндегі жаман әдеттер мен теріс мінез-құлықты өзгертуге күш салып келеміз. Қазіргі уақытта әлеуметтік желілерде түрлі пікір айтып, тіпті, отбасылық мәселелерге араласатын өзін психолог, коуч тренер ретінде таныстыратын тұлғалардың қатары көбейген. Солардың салдарынан кей отбасы ажырасып та жатыр. Ал, мұндай келеңсіздіктердің алдын алу – біздің негізгі бағыттарымыздың бірі. Осы мақсатта ұйым жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

**– Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңыз үшін алғыс білдіремін.**

Сұхбаттасқан
**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

# Құрал бұзылғанымен, қолдау үзілмейді

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру, азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мәселесіне ұдайы назар аударып келеді. Әсіресе, мүгедектігі бар азаматтар үшін қолайлы әрі кедергісіз орта қалыптастыру – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Осы бағытта 1 шілдеден бастап еліміздің үш өңірінде – Қарағанды, Ақтөбе және Павлодар облыстарында мүгедектігі бар азаматтарды техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етудің жаңа сервистік моделі пилоттық негізде іске қосылды.**

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

### Жоба не үшін қажет?

Қанатқақты жоба Қазақстан Республикасының 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылуда. Оның негізгі мақсаты – мүгедектігі бар азаматтарды оңалтуды үздіксіз қамтамасыз ету, техникалық құралдарды пайдалану барысында туындайтын түйткілдерді дер кезінде шешу.

Бұған дейін техникалық оңалту құралы берілгеннен кейін, кепілдік мерзімі аяқталып немесе ақау шыққан жағдайда азамат оны көбіне өз қаражатына жөндетуге мәжбүр болатын. Ал, жаңа сервистік модель осы олқылықтарды жоюға бағытталған. Енді құрал бұзылса, орталыққа жүгініп, құрал әлеуметтік-техникалық сараптамадан өтеді. Мамандар құралдың жағдайын анықтап, жөндеу қажет пе, әлде оны ауыстыру керек пе – соны нақтылайды. Ең бастысы, жөндеу жұмыстары жүріп жатқан кезде азамат оңалту құралынсыз қалмайды. Қажет болған жағдайда айырбастау қорынан уақытша пайдалануға жарамды құрал беріледі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты Ұлттық әлеуметтік қорғау саласын дамыту ғылыми орталығының бас директоры Сырым Насидың айтуынша, жобаның басты мақсаты – мүгедектігі бар азаматтардың оңалту процесін үзбеу.

– Сервистік модель азаматтардың қолданыстағы құқықтарына ешқандай өзгеріс енгізбейді. Мүгедектігі бар азаматтар бұрынғыдай техникалық оңалту құралдарын әлеуметтік қызметтер порталы арқылы таңдап, заңнамада белгіленген тәртіппен ала береді. Жобаға қатысу ерікті негізде жүзеге асырылады. Мүгедектігі бар азаматтардың заңнамада көзделген барлық құқықтары толыққанды сақталады. Соның ішінде техникалық оңалту құралдарын әлеуметтік қызметтер порталы арқылы таңдау мүмкіндігі де өзгеріссіз қалады. Жаңа сервистік модель қолданыстағы жүйені алмастырмайды, керісінше, құралды пайдалану барысында туындайтын мәселелерді шешуге қосымша мүмкіндік береді. Пилоттық жоба барысында осы модельдің тиімділігі жан-жақты зерделеnеді. Сондықтан, оны алдымен үш өңірде сынақтан өткізу жөн деп танылды, – деді Сырым Қажымұратұлы.

### Жаңа жүйе қалай жұмыс істейді?

Жаңа сервистік модель бойынша азамат оңалту құралы істен шыққан жағдайда Ұлттық әлеуметтік қорғау саласын дамыту ғылыми орталығының өңірлік филиалына жүгіне алады. Қарағанды облысында мұндай орталық Қарағанды қаласында, Майқұдықта, Роза Люксембург көшесі, 1А мекенжайында орналасқан.

Мұнда әрбір азаматтың өтініші қабылданып, техникалық оңалту құралының жай-күйі сараптама комиссиясында саралanады. Комиссия құрамына әдіскерлер, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, денсаулық сақтау басқармасының өкілдері, сондай-ақ, қоғамдық ұйымдар кіреді.

Сараптама нәтижесінде құралдың жағдайы анықталады. Мамандар оның ұсақ, орташа немесе күрделі жөндеуді қажет ететінін белгілейді. Егер құралды қалпына келтіруге мүмкіндік болса, жөндеу жұмыстары ұйымдастырылады. Ал, жөндеу кезеңінде азаматтың оңалту процесі тоқтап қалмауы үшін айырбастау қорынан уақытша пайдалануға жарамды техникалық құрал беріледі.

– Азамат бүгін жүгінсе, өтініші сол күні қабылданады. Арнайы маман мен әдіскер оның жеке оңалту бағдарламасына сәйкес келетін арбаны немесе жүріп-тұру құралын қарап, қажеттілігіне қарай уақытша пайдалануға береді. Барлық процесс цифрлық форматта жүргізіледі. Құралдың қашан берілгені, қашан жөнделгені, қандай бөлшегі ауыстырылғаны – бәрі жүйеде сақталады. Бұл жоба қорытындысы бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Егер әлеуметтік-техникалық сараптама қорытындысы бойынша жөндеу құны құрал бағасының 50 пайызынан асып кетсе немесе оны қалпына келтіру тиімсіз деп танылса, азаматқа заңнама аясында жаңа техникалық оңалту құралын алу мүмкіндігі қарастырылады. Мұндай жағдайда жергілікті атқарушы органдар азаматты белгіленген мерзімді күтпей, әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жаңа құрал таңдауға бағыттай алады, – деді Ұлттық әлеуметтік қорғау саласын дамыту ғылыми орталығының облыстық филиалының директоры Меруерт Нұрмағанбетова.



### Шеберханадағы шаруа

Жоба аясында тек кеңес беру ғана емес, нақты сервистік жұмыс та жолға қойылып келеді. Мамандардың айтуынша, техникалық оңалту құралдарының ішінде ең көп күтім мен жөндеуді қажет ететіні – кресло-арбалар. Себебі, олар күнделікті қозғалыста жиі қолданылады.

Кресло-арбаларды жөндеу жөніндегі маман Олег Карташовтың айтуынша, қазір орталыққа жаңадан жеткізілген арбалар жиналып, пайдалануға дайындалған.

– Бізге жаңадан кресло-арбалар келді. Қазір бәрін жинап, реттеп, пайдалануға дайындап қойдық. Көбіне азаматтар тежегіш жүйесіндегі ақаулармен немесе қосалқы бөлшектерді ауыстыру мәселесімен жүгінеді. Жөндеу жұмыстары үш кезеңге бөлінеді. Егер ұсақ жөндеу болса, мәселен, дөңгелек бөлшектерін ауыстыру қажет болса, оны 5 жұмыс күні ішінде реттеп береміз. Орташа жөндеуге подшипниктерді ауыстыру, жүрісін қалпына келтіру, реттеу жұмыстары кіреді. Мұндай жағдайда 10 жұмыс күні қажет. Ал, күрделі жөндеу 20 жұмыс күніне дейін созылады. Оған корпус зақымдануы, дәнекерлеу жұмыстары сияқты күрделі ақаулар жатады. Мұндай жағдайда арнайы дәнекерлеуші мамандардың көмегіне жүгінеміз, – деді Олег Карташов.

### Қатысу тәртібі қандай?

Пилоттық жобаның маңызды тетігінің бірі – айырбастау қоры. Бұл қор азамат техникалық оңалту құралын жөндеуге тапсырған кезде уақытша пайдалануға берілетін құралдардан жасақталады. Яғни, кресло-арба немесе жүріп-тұру құралы істен шыққан азамат жөндеу аяқталғанша үйде камалып қалмай, күнделікті тіршілігін жалғастыра алады.

Бастапқы кезеңде айырбастау қорына 46 техникалық оңалту құралы енгізілген. Алғашқы кезеңде жоба кресло-арбалардың барлық түрлері мен жүріп-тұруға арналған құралдарды қамтиды. Кейін бұл тетік техникалық оңалту құралдарының басқа да түрлеріне кезең-кезеңімен таратылады деп жоспарланған.

– Жас бойынша шектеу жоқ. Мүгедектігі бар адам мәртебесі бар азаматтар пилоттық жобаға қатыса алады. Бірақ, біз міндетті түрде жеке оңалту бағдарламасын қараймыз. Егер азаматқа бөлмелік кресло-арба немесе көпфункционалды кресло-арба көрсетілсе, берілетін құрал сол талапқа сәйкес болуы керек. Жобаның негізгі мақсаты – мүгедектігі бар азаматтардың оңалтуы мен әлеуметтенуін қамтамасыз ету. Егер де, үйлеріңізде пайдаланылмай тұрған кресло-арба, болса, жобаға қолдау көрсетуге шақырамын. Қарлығаштың қанатымен су сепкендей көмек етсеңіздер, игілігін түгел қоғам көреді, – деді Наси Қажымұратұлы.

Жоба аясында балалардың қажеттілігі де бөлек ескерілген. Себебі, бала өсіп, дене бітімі өзгерген сайын бұрын берілген техникалық оңалту құралы оның физиологиялық ерекшелігіне сәйкес келмей қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда құралды пайдалану баланың қозғалысына, денсаулығына және оңалту процесіне кері әсер етуі ықтимал.

Жаңа сервистік модельдің тағы бір ерекшелігі – барлық үдерістің цифрлық форматта өтуі. Құралдың қашан берілгені, кімге берілгені, қашан қайтарылғаны, қандай жөндеу жұмыстары жүргізілгені, қандай бөлшегі ауыстырылғаны және санитарлық өңдеуден қашан өткені жүйеде тіркеледі.

### Қызметтің артында – өмір сапасы

Қанатқақты жобаның тиімділігі тек техникалық құралды жөндеумен өлшенбесе керек. Мұнда басты назар мүгедектігі бар азаматтың күнделікті қозғалысын, қоғаммен байланысын және оңалту процесін үзбеуге аударылған.

Жоба мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалануға да ықпал етеді. Бұған дейін пайдаланылмай қалған немесе жеңіл жөндеуді қажет ететін құралдар толық айналымға түспей келген. Енді мұндай құралдар арнайы қабылданып, санитарлық өңдеуден өткізіліп, техникалық қауіпсіздігі тексерілгеннен кейін қайта пайдалануға беріледі. Бұл бір жағынан, бюджет қаражатын ұтымды жұмсауға, екінші жағынан, мұқтаж азаматтарды қажетті құралмен жедел қамтуға мүмкіндік береді.

Дегенмен, жоба өкілдерінің айтуынша, мұндағы негізгі мақсат – үнем емес.

– Бұл жобада негізгі басымдық – экономикалық тиімділік емес. Әрине, техникалық оңалту құралдарын қайта пайдалану, жөндеу, айналымға енгізу мемлекеттік ресурстарды тиімді жұмсауға әсер етеді. Десе де, ең басты мұратымыз – мүгедектігі бар азаматтардың оңалтуын, әлеуметтенуін және күнделікті өмір сапасын жақсарту. Қабылданып жатқан шаралар мен пилоттық жобалар ең алдымен, адамға көмек пен қолдау көрсетуге бағытталған, – деді ол.

Айта кетейік, қанатқақты жоба 12 айға есептелген. Осы уақыт ішінде жаңа сервистік модельдің тиімділігі бағаланып, жөндеу, уақытша алмастыру, қайтару және қайта пайдалану тетіктері жан-жақты зерделенеді. Қорытындысы бойынша техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленбек.

Суретті түсірген
*Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ*

● ЖОЛЖАЗБА

# Жақсылық пен қуанышқа толы сапар

**Кейде бір сапардың өзі бірнеше қуанышты қатар сыйлайды. Биылғы маусым айындағы Алматы мен Қырғызстанға жасаған сапарым дәл сондай есте қаларлық болды. Бұл жол мен үшін Қазақстан Жазушылар одағының мүшелік билетін алудан басталып, қазақ руханиятының көрнекті тұлғасы Мұрат Әуезовтің рухына арналған халықаралық іс-шараларға ұласты.**



Алдымен, көптен күткен қуанышқа кенелдім. 2022 жылы жарық көрген «Бір кездері Америкада» атты аударма кітабымнан кейін әріптестерімнің қолдауымен тапсырылған құжаттар төрт жылдан соң нәтижесін беріп, Қазақстан Жазушылар одағына аудармашы ретінде қабылдандым. Бұл жолда теміртаулық ақын-жазушы Руза Алдашева мен қоғам қайраткері, журналист Қайырбек Сәдуақасовтың ұсынымы үлкен демеу болды.

Кейін Қазақстан Жазушылар одағының мүшелік билетін қолыма алып, қуанышымды Алматыдағы М.Әуезов атындағы кітапхана ұжымымен бөлістім. Кітапхана директоры Балнұр Асқарқызы мені бірнеше күннен кейін өтетін Мұрат Әуезовті еске алу жиынына шақырды. Осылайша, менің сапарым жаңа мазмұнға ие болды.

Алматы қаласы орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты М.Әуезов атындағы кітапханада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, мәдениеттанушы, дипломат, публицист Мұрат Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналған тағылымды дөңгелек үстел өтті. Басқосуды ғалымның қызы Зифа-Алуа Мұратқызы Әуезова мен М.Әуезов үй-мұражайының директоры Диар Қонаев жүргізді.

Жиынды Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Алиев пен Алматы қаласы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің басшысы Мейрам Бектембаев ашып, Мұрат Әуезовтің ұлттық мәдениет пен қоғамдық ой тарихындағы орнына тоқталды.

Кездесуде әр жылдары бірге қызмет еткен зиялы қауым өкілдері естеліктерімен бөлісті. Жазушы Смағұл Елубай Мұрат Әуезовтің 1975 жылғы Қазақстан Жазушылар одағы пленумында ашаршылық тақырыбы жөнінде айтқан батыл сөзі өзіне де, Төлен Әбдікке де ерекше серпін бергенін айтып, ол туралы деректі фильм түсіру жөнінде ұсыныс білдірді.

Марат Сембин, Нұрдәулет Ақыш, Бақытжан Қанапиянов, Асылбек Қожахметов, Светлана Ананьева, Дина Қайымқызы, Қайрат Жаңабаев, Исмаилжан Иминов және басқа да зиялы қауым өкілдері Мұрат Әуезовтің азаматтық тұлғасы туралы жүрекжарды пікірін айтты. Философ Игорь Крупко оның рухани мұрасы мәңгі жасайтынына тоқталса, синолог Мансұр Молдақұлов Мұрат Әуезовтің тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қандастардың тарихи Отанына оралуына сіңірген еңбегін ерекше атап өтті. Зифа-Алуа Әуезова әкесінің Қырғызстанға деген ықыласы мен Ыстықкөлге жасаған сапарлары жөнінде сыр шертті.

Дөңгелек үстелде айтылған бір жаңалық мен үшін күтпеген сый болды. Мұрат Әуезовті еске алу шаралары Қырғызстанның Шолпан-Атасындағы Мұхтар Әуезовтің үй-мұражайында жалғасатыны нақтыланып, мен де сол сапарға қатысу бақытына ие болдым.

Алматыдағы Орталық зиратта Мұхтар және Мұрат Әуезовтердің рухына Құран бағышталған соң, делегация Райымбек көшесінен туристік автобуспен жолға шықты. Қордай асуын асып, шекаралық рәсімдерден өткеннен кейін кешкісін Ыстықкөл жағасындағы Шолпан-Ата қаласындағы «Gold Assen» қонақүйіне орналастық. Жол бойы әдебиет пен өнер туралы әңгімелер айтылып, ән шырқалды. Жамбылдың шөбересі Бұланның өнері, Ерболат, Айсұлу және Айжан Жұмаділдің көтеріңкі көңіл күйі ұзақ жолдың шаршауын білдірмеді.

Келесі күні Мұхтар Әуезов музей-үйінің аумағында Ыстықкөл халықаралық форумы аясында Мұрат Әуезов бюстінің салтанатты ашылуы өтті. Жиынды ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев жүргізді.

Салтанатта Қырғыз Республикасының Мемлекеттік хатшысы Арслан Койчиев, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі, ТҮРКСОЙ директоры Дүйсен Қасейінов, Зифа-Алуа Әуезова, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов, Түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев, Татарстан Жазушылар одағының төрағасы Ркаил Зайдуллин, Қырғызстанның Мәдениет министрі Мирбек Мамбеталиев сөз сөйледі. Форумның құрметті қонақтарының қатарында Қытайдың Нобель сыйлығының лауреаты Мо Янь да болды.

Бауыржан Омарұлы қазақ пен қырғыздың тарихи тамырластығына тоқталып, Мағжан Жұмабаевтың «Қырғыз – таудың тарпаңы, қазақ – қырдың құланы» деген қанатты сөзін еске салды. Қарағандылық абайтанушы Марат Азбанбаев Қарағанды қаласы әкімінің құттықтауын жеткізіп, Мұрат Әуезовке арналған «Қасым» журналының жаңа санын таныстырды. Бюст авторы – белгілі қырғыз мүсіншісі Тамила Маматова.

Форум аясындағы дөңгелек үстелде Зифа-Алуа Әуезова мен Диар Қонаев модераторлық етіп, Мұрат Әуезовтің түркі дүниесіндегі орны мен ғылыми мұрасы кеңінен сөз болды. Соңында әкесінің рухына бағыштап ас берілді.

Сапар барысында Құрманжан датқа атындағы «Тамшы» көшпенділер өркениеті музейін аралап, қазақ пен қырғыздың ортақ тарихи-мәдени мұрасымен таныстық. Ал, «Ыр толқыған Ыстықкөл» поэзия кешінде Қалдыгүл Жаныбаева мен Манат Бообекова құрастырған қазақ ақындарының қырғыз тіліндегі жаңа жинағы таныстырылды. Ыстықкөлдегі «Әділет» теплоходында өткен әдеби кеш пен қырғыз ақындарының қонақжайлығы екі халықтың руханы жақындығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Осындай тағылымды сапардың жүзеге асуына ұйытқы болған публицист, кинопродюсер, «Көшпенділер эстетикасы» бастамашыл тобының мүшесі Қалдыгүл Жаныбаеваның еңбегі ерекше. Сондай-ақ, Шолпан-Атадағы Мұхтар Әуезовтің үй-мұражай-кітапханасының шырақшысы Саламат Табишеваның ұлттық мұраны сақтаудағы еңбегі де зор құрметке лайық.

Бұл сапар маған екі елдің арасын жалғап тұрған рухани көпірдің қаншалықты берік екенін тағы бір мәрте сезіндірді. Мұрат Әуезовтің өмірі мен мұрасы – қазаққа ғана емес, тұтас түркі әлеміне ортақ қазына. Ал, сол мұраны ұлықтауға арналған осындай кездесулер мен форумдар халықтар достығын бекемдеп, ортақ рухани кеңістікті байыта түсетіні сөзсіз.

**Рымбала СМАИЛОВА,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**

СУРЕТТЕ: автор халықаралық «Түрксой» ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раевпен.

*Сурет автордан*

## Олег Сергеевич СЕМЧЕНКОВ



Арқа мәдениеті мен өнері орны толмас ауыр қазаға душар болды.

Қайғыра отырып, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Еркеғали Рахмадиев атындағы Академиялық симфониялық оркестрдің ардагері Олег Сергеевич Семченковтың өмірден өткенін хабарлаймыз.

Олег Сергеевич 40 жылдан астам ғұмырын музыка өнеріне арнап, оркестр ұжымының ажырамас мүшесі болды. Оның жоғары кәсібилігі, өз ісіне адалдығы, таланты мен адами қасиеттері әріптестері мен өнерсүйер қауымның зор құрметіне ие болды.

Олег Сергеевичтің жарқын бейнесі мен өнер жолындағы өлшеусіз еңбегі Қазақстанның музыка мәдениеті тарихының айшықты беттеріне айналады.

Марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтамыз. Қайғыларыңызға ортақпыз.

Қадірлі әріптес, майталман маман, өрелі өнерпаз Олег Семченковтың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

**Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің ұжымы**

● ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# Жөндеу жұмыстары басталды

**3 шілдеден Қарағандыдағы М14 автожолында орташа жөндеу жұмыстары басталды. Осыған байланысты жолдың бір бөлігінде көлік қозғалысына уақытша шектеу енгізіледі.**

Қала әкімдігінің мәліметінше, сағат 10:00-ден бастап М14 автожолының Тәттімбет көшесінен К. Маркс көшесіне қарай бағытындағы бөлігі толық жабылады. Шектеу жолдың тек осы бағытына ғана қатысты болады, өйткені, қарама-қарсы қозғалыс легі арнайы бөлгіш қоршаумен бөлінген. Айта кету керек, М14 автожолы – Қарағандыдағы маңызды көлік магистральдарының бірі. Ол Майқұдық пен Оңтүстік-Шығыс шағынауданын тікелей байланыстырып, күн сайын мыңдаған жүргізушінің қала орталығына соқпай-ақ, екі ірі аудан арасында қатынауына мүмкіндік береді. Сондықтан жөндеу жұмыстары кезеңінде жүргізушілер үйреншікті бағыттарын өзгертуге және көршілес көшелердегі көлік қозғалысының артуына дайын болғаны жөн.

Уақытша шектеу қоғамдық көлік қозғалысына да әсер етеді. Жөндеу жұмыстары аяқталғанға дейін автобустар уақытша айналма бағыттар бойынша қатынайды.

**Өз тілшімізден**

**ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!**

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін сенім телефоны 21- 32- 06 жұмыс істейді.

к

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

к

● ГАЗДАНДЫРУ

# Көгілдір отын – көптің игілігі

**Бүгінде Қарағанды облысында газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Соның айқын дәлелі – Қарағанды қаласында 10 мыңыншы отбасының үйіне көгілдір отынның қосылуы. Осы маңызды оқиғаға орай «QazaqGaz Aimaq» АҚ Қарағанды өндірістік филиалының директоры Владислав Кисиков аталған отбасының шаңырағына арнайы барып, тұрғындарды қуанышты сәтпен құттықтады. Сонымен қатар, газ желісінің қауіпсіз пайдаланылуына қатысты талаптардың сақталуын тексеріп, тұрмыстық газды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін тағы бір мәрте түсіндірді.**

**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Сонымен қатар, Владислав Мухаметович «QazaqGaz Aimaq» АҚ тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға, цифрлық сервистерді дамытуға және табиғи газды есепке алудың зияткерлік технологияларын енгізуге ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, осы бағыттағы жұмыстар аясында компания тұтынушыларға арналған «QazaqGaz Aimaq» мобильді қосымшасын әзірлеген. Қосымша арқылы абоненттер газ есептегішінің көрсеткіштерін онлайн жолдап, жеке шотындағы есептеулерді, жүргізілген төлемдерді, төлем тарихын қадағалай алады екен.

– Тұтынушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында газ есептегішінің көрсеткіштерін eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы жолдау мүмкіндігі де іске қосылды. Бұл қызметтің арқасында абоненттер көрсеткіштерді абоненттік бөлімшелерге бармай-ақ, қашықтан ұсына алады. Сонымен қатар, заңды тұлғаларға көрсетілетін қызметтер де кезең-кезеңімен цифрландырылып жатыр. Атап айтқанда, тауарлық газды жеткізуге арналған шарттарды электронды форматта рәсімдеу мүмкіндігі енгізілуде.

Цифрлық трансформацияның негізгі бағыттарының бірі – eQural газды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу. Жоба шеңберінде Қарағанды және Ұлытау облысының тұтынушыларына телеметрия функциясы бар смарт-газ есептегіштері тегін орнатылады. Орнатылатын құрылғылардың барлығы Қазақстанда өндірілген. Өлшеу құралдарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген және қолданыстағы заңнама талаптарына толық сәйкес келеді. Заманауи смарт-есептегіштер тұтынылған табиғи газ көлемін автоматты түрде тіркеп, көрсеткіштерді телеметрия жүйесі арқылы жібереді. Бұл деректерді қолмен енгізу қажеттілігін азайтып, есепке алу дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді, – деді Владислав Кисиков.

2 шілдедегі мәліметке сәйкес, көгілдір отынға қосылған тұтынушылар саны 10 мыңға жетті. Оның ішінде Қарағандыда – 5 607, Теміртауда – 2 375, Жезқазғанда 2 018 отбасы табиғи газды пайдаланып отыр. Ал, Қарағанды қаласындағы Қостанай көшесі, 11-үйдің тұрғыны Жангелді Қорабаев мерейтойлық 10 мыңыншы тұтынушы атанды. Ол бұл шаңыраққа үш жыл бұрын қоныстанған. Қостанай көшесіне табиғи газ биыл ғана жеткізілсе, үйіне көгілдір отынды маусым айында тартыпты. Үй иесінің айтуынша, бұған дейін баспанасын жылыту үшін көмір пайдаланған. Енді көгілдір отынның арқасында тұрмысы едәуір жеңілдеп, үйді жылыту мен күнделікті тіршіліктің қолайлы бола түскенін айтады.

– Көгілдір отын көшемізге жеткен бойда үйімізге бірден тарттық. Содан бері тұрмысымыз айтарлықтай жеңілдеді. Бұрын жылыту маусымында 10 тоннаға жуық көмір пайдаланатынбыз. Оның үстіне көмір тасу, от жағу, күл шығару, пешті күні бойы бақылап отыру бәрі қосымша жұмыс еді. Бұрын жұмысқа кетерде үйдің жылуы төмендеп кетпей ме деп алаңдайтынбыз. Қазір ондай уайым жоқ. Газ қазандығы толық автоматтандырылған. Қажетті температураны қойсақ, жүйе оны өзі тұрақты ұстап тұрады. Көмірмен жылытқан кезде үйдің температурасын бірқалыпты сақтау қиын болатын. Ал, газ жабдығы белгіленген режимді өздігінен реттейді. Бұл әрі ыңғайлы, әрі қауіпсіз. Газ үшін төленетін ай сайынғы төлем үйдің көлемі мен оның жылу оқшаулауына байланысты. Көршілердің айтуынша, орташа есеппен 12-20 мың теңге шамасында болады. Қазір біздің көшедегі тұрғындардың барлығы көгілдір отынға қосылған. Бұл жобаны көптен күткен едік. Газды бес жылдан астам уақыт пайдаланып келе жатқан туыстарымыз да бар. Олардан осы уақытқа дейін ешқандай шағым естіген емеспіз, – деді Жангелді Аршанұлы.

Жалпы, тұрмыста қолданылатын газ қазандықтарының екі түрі бар. Оның бірі еденге орнатылса, екіншісі қабырғаға бекітіледі екен. Ал, Жангелді Аршанұлы үйіне қабырғаға бекітілетін қазандықты таңдаған. Өзі бұл құрылғы ықшам болғандықтан көп орын алмайтынын, әрі пайдалану мен күтіп ұстауға да қолайлы екенін баса айтты.

Суретті түсірген **автор**

● ӨНЕР БАЙҚАУЫ

# Арқа әншілерінің айбозы

**Қарқаралы қаласы Шолпан Жандарбекова атындағы Мәдениет үйінде дәстүрлі ән орындаушылардың Арқа әншілік мектебінің айбозы Мейірхан Адамбеков атындағы облыстық байқауы бірінші рет һәм жоғары деңгейде өтті.**




**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қасиетті топырақтың талантты перзенті, ән өнерін орындаушылықтың биік шыңына жеткен Мейірхан Сәйдіұлының есімі қазақ еліне таныстыруды қажет етпейді. Ол пір тұтқан ұлттың ұлы мұрасын насихаттау – өнер жолына түскен әрбір талапты жастың парызы. Қайталанбас талант иесінің атындағы алғашқы байқаудың ашылу салтанатында Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Айдар Сатыбалдин, өңірдегі қоғамдық кеңестің төрағасы Сайлау Әлиұлы, Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің ұстазы Жақсыгелді Кемалов Мейірханның талантына табынушы қауымды тамаша өнер мерекесінің ашылуымен құттықтап, ән байқауына қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқауға Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің ұстазы, Мейірханның өнердегі серігі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақсыгелді Кемалов, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі, Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі Құрмаш Ыбышев, «Назқоңыр» ансамблінің көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әркенов, аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы, Мәдениет саласының үздігі Сайлау Әлиұлы, «Салтанат» ән-би ансамблінің негізін қалаушылардың бірі, мәдениет саласының ардагері Мейрам Әрінов қазылық етті.

Ән мерекесіне айналған байқаудың нәтижесінде Алдияр Ықылас пен Нұрғанибет Нұрғазы дипломант атанса, III орынды Нұрғиса Рахадұлы, II орынды Алтынбек Жиенбаев, I орынды Аяжан Әкеева жеңіп алды. Байқаудың Бас жүлдесін Наргиза Нұрланқызы иеленді.

Сонымен бірге, орындаушылық қабілетімен ерекшеленген талантты жас әншілер Аружан Әмірбекке Мейірхан Адамбековтің туған жері Томар аулындағы туыстары атынан, Фарида Сауытханға Мейірханның нағашысы Құрмаш Желбайұлы атынан, Дәулеткелді Сағатов пен Шерхан Тұяққа Мейірхан Адамбековтің отбасы атынан арнайы жүлде табыс етілді.

Өнер мерекесіне жиналған әлеумет қазақ ән өнерінің қайталанбас өкілі Мейірхан Адамбековтің есімін жаңғыртуға ден қойған ұйымдастырушыларға, жас талanттардың өнеріне әділ бағасын берген қазылар алқасына, оларды ұлы өнердің жолында бастап жүрген ұстаздарына зор алғыс-ықыласын айтып тарасты. Арқа әншілік мектебін жалғастыратын шәкірттері мен ізбасарлары барында, өнердің көрігін қыздыратын байқаулар өтіп жатқанда әнші Мейірхан Адамбековтің есімі халық жадында жаңғырып, ол ұлықтаған асыл мұра ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретіні күмәнсіз.

Суретті түсірген
**Тиышбек ХАМИТОВ**

● КҮЙ КЕРУЕНІ

# Әлемді шарлаған челлендж

**Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы Ұлттық домбыра күніне орай «DOMBYRA UNITY» халықаралық онлайн-челленджін бастаған еді. Челлендж әлемді шарлап кетті.**



**Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба алғашында халықаралық деңгейде басталғанымен, Арқа өнерпаздары мен домбыра өнеріне қызығушылығы бар көрші елдердің орындаушылары ғана қатысады деп күтілген еді. Бірақ бәрі ұйымдастырушылардың күткенінен де асып түсті. Челленджге Нидерланд, тіпті, жер шарының шалғай нүктесінде жатқан АҚШ-тың да өнерпаздары қатысуға ниет білдірген. Сонымен қатар, Бельгия, Швеция, Өзбекстан және басқа да елдерден қатысушылар қосылып жатыр. Әлемнің барлық құрлығынан жаңа өтінімдер келіп түсуде.

– Біз жобаның халықаралық деңгейде қолдау табатынына сенім арттық. Дегенмен, оның географиясы осыншалықты кең болады деп күткен жоқпыз. Әсіресе Нидерланд, АҚШ, Бельгия және Швеция секілді шалғай мемлекеттердің тұрғындарының челленджге белсенді қатысуы ерекше қуантады. Қазіргі уақытта әлемнің түпкір-түпкірінен жаңа бейнежазбалар келіп түсіп жатыр. Бұл жобаның адамдардың жүрегінен орын тауып, үлкен қызығушылық тудырып отырғанын көрсетеді. Челлендж 5 шілдеге дейін жалғасады, – деді басқарма басшысының орынбасары Айжан Шәкенова.

Челлендж аясында қатысушылар домбырамен қазақтың халық күйлерін орындап, Ұлттық домбыра күніне арналған бейнеқұттықтауларын жазып жолдайды. Барлық материалдар әлеуметтік желілерде #DombyraUnity2026 және #ДомбыраКүні2026 бірыңғай хэштегтерімен жариялануда.

Жобаның мақсаты – қазақ халқының ұлттық музыкалық мұрасын кеңінен насихаттау, әлем жұртшылығын күй өнерімен таныстыру, сондай-ақ, әртүрлі елдердің өнерпаздарын домбыра мен қазақ мәдениетіне деген сүйіспеншілік төңірегіне топтастыру.

Суретті түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

● КӨРМЕ

# Өткенге үңілдірген көрме

**Биыл Семей ядролық полигонының жабылғанына – 35 жыл. Осыған орай Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде суретші Кәріпбек Күйіковпен бірлескен «Семей – ядролық тарихтан бейбіт өмірге» атты кездесу өтті. Сонымен қатар, суретшінің туындылары қойылған көрме де ұйымдастырылды.**

**Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараға облыстық мәдениет басқармасының өкілдері, музей және архив қызметкерлері, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері, суретшілер мен өнер қайраткерлері, антиядролық қозғалыс өкілдері, жастар ұйымдарының мүшелері қатысты.

Көрме аясында қонақтар Семей полигонының тарихына қатысты архивтік құжаттар, фотосуреттер және тақырыптық экспонаттармен танысты. Сонымен қатар, белгілі суретші әрі антиядролық қозғалыстың белсенді өкілі Кәріпбек Күйіковпен еркін сұхбат құрды. Суретші өзінің шығармашылық жолы мен қоғамдық қызметі туралы әңгімелеп берді. Ядролық сынақтардың салдары, бейбіт өмірдің құндылығы және қоғамдағы өнердің рөлі жөніндегі ойларымен де бөлісті.

– Шығармашылық адам ретінде ұлтымыздың басындағы қасіретті өнеріммен көрсеткім келді. Менің туындымда елімнің тарихы бар деп есептеймін. Картиналарды салмас бұрын сол қорқынышты кезеңдердің куәгері болған адамдармен сұхбаттасамын. Мұндай сұхбат нәубеттің бар салмағын жүрегіммен сезіну үшін керек. Жүрекпен сезінгенде ғана картина шынайы болады, – деді Кәріпбек Күйіков.

Қарағанды бейнелеу өнері музейінің бөлім меңгерушісі Зәуреш Тебаева іс-шараның тағы бір маңызды тұсын айшықтады.

– Бұл Қазақстанның беделін әлемдік аренада көтерген тарихи қадам болды. Еліміз жаһан жұртына ядролық қарусыз өмір сүрудің маңызын сөзбен емес, іспен дәлелдеді. Қазақстан бүгін де бейбітшіліктің байрағын биік көтеріп отыр. Осы ұстаным басқа мемлекеттерге үлгі. Бүгінгі іс-шараның да айтары мол, – деді Зәуреш Тебаева.

Ұйымдастырушылар өнер арқылы жаһандық қауіпсіздік мәселелеріне қоғам назарын аударуға болатынын көрсету – жас ұрпақ үшін қажет екенін атап өтті.

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

# Қарқаралы – қос мереке құшағында

**Шолпан Жандарбекова атындағы Мәдениет үйінде Астана күні мен Ұлттық домбыра күніне орай «Ұлы дала үні – Астана» атты мазмұны терең, рухы биік мерекелік концерт жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Кеш барысында аудан әкімінің орынбасары Нұржан Іляшев құттықтау сөз сөйлеп, жиналған жұртшылықты қос мерекемен шын жүректен құттықтады.**

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Екі бірдей айтулы мерекенің астасуы Қарқаралы жұртшылығына ерекше көңіл күй сыйлап, елдік рух пен ұлттық болмысты ұлықтаған тағылымды кешке айналды. Салтанатты шараға жиналған қала тұрғындары мен қонақтары мерекелік думанның куәсі болып, өнер мен өнегенің тоғысқан сәтінен ерекше әсер алды.

Нұржан Іляшев өз сөзінде тәуелсіз Қазақстанның қарқынды дамуы мен Астананың ел символына айналуы – ортақ еңбектің жемісі екенін атап өтті. Әрі өңір тұрғындарын туған жердің өркендеуіне белсенді атсалысуға, елдік бастамаларды қолдауға шақырды. Сондай-ақ, жерлестеріне толайым табыс, береке-бірлік және игі істерде сәттілік тіледі.

Мерекелік концерттің шырайын аудан өнерпаздары айрықша түрлендірді. Сахна төрінде патриоттық әндер шырқалып, халық әндері мен күйлері нақышына келтіріле орындалды. Ұлттық би ансамбльдерінің көркем қойылымдары көрерменнің көңілін тербеп, қазақ өнерінің бай мұрасын айшықтай түсті. Әрбір нөмір елдік рухты асқақтатып, ұлттық құндылықтардың мәңгілігін сезіндірді.

Кеш бойы зал ішін ерекше рух, шаттық пен мақтаныш сезімі кернеп, көрермен қауым әрбір өнерпаздың өнерін ыстық ықыласпен қабылдады. Қос мерекенің мәні мен маңызын терең сезінген жұртшылық көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

● ФУТБОЛ

# Жеңіс сыйлаған 90-шы минут

**Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Бірінші лига ойындарында жеңіліссіз сериясын жалғастырып келеді. Жерлестер XII тур аясында сырт алаңда шымкенттік «Оңтүстік Академия» командасымен кездесіп, 2:1 есебімен жеңіске жетті.**

**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер соңғы ойындарында жүйелі ойын өрнегін көрсетіп жүр. Команда допқа иелік ету мен пас алмасу жағынан қарсыластарынан басымдық танытып келеді. Осындай қарқынмен «Шахтер» алаң иелерінен басым түсіп, маңызды жеңіске қол жеткізді.

Допты ойынға алаң иелері қосты. Алайда, қарағандылықтар бірден жоғары қарқынды прессинг ұйымдастырып, қарсыласқа еркін ойнауға мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде, допқа иелік етіп, кездесудің 14-ші минутында есеп ашты. Сол қапталдан шабуылды бастаған Артем Литош қарсылас қорғаушысын алдап өтіп, қақпа маңына пас асырған. Допқа бірінші болып жеткен Максим Галкин есепті ашып, командасын алға шығарды.




Екінші айналымда алаң иелері таразы басын теңестіріп, ойынға қайта оралды. Гол авторы – Алихан Али. Осы сәттен кейін матч қарқыны күшейіп, қос команда да жеңіс голын соғуға ұмтылды. Алайда, екі жақтың да шабуылдары нәтижесіз аяқталып жатты.

Дегенмен, ойынның соңғы сәті қарағандылықтардың пайдасына шешілді. «Шахтер» шабуылшысы Артем Литош 90-шы минутта жеңіс голын соғып, командасына маңызды үш ұпай сыйлады. Шабуылды алаң ортасынан жартылай қорғаушы Андрей Ульшин ұйымдастырып, алдыңғы шепте жүрген Артемға пас шығарды. Ол қақпашымен бетпе-бет шығып, мүмкіндігін мүлт жібермеді.

Сұрмергендер тізімінде «Шахтер» шабуылшысы Артем Литош көш бастап тұр. Маусым барысында әр ойында мергендігімен көзге түсіп жүрген ол қазіргі таңда 10 гол соғып, алты нәтижелі пас берген. II орында сегіз гол және бір нәтижелі паспен «Қайрат» жастар командасының ойыншысы Исмаил Бекболат орналасса, үздік үштікті «Каспий Ақтау» клубының жартылай қорғаушысы Нұрмұхаммед Ислам түйіндеп отыр. Оның еншісінде алты гол және бір нәтижелі пас бар.

*Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан*

**Оқырман назарына!**
Газеттің келесі саны 9 шілде, бейсенбі күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
**Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары
**Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары
**Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**

Бас редактор
**Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары
**Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы
**А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы
**С.Б. ІЛИЯШ**

**Телефондар:**
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 284

№71 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**
Кезекші редактор **Жамал СОВЕТҚЫЗЫ**